14 Милль Дж.С. Основы политической экономии: [в 3 т.]. – М.: Прогресс, 1981. – Т. 3. – 448 с.

15 Ерошин В.И. Финансово-экономические отношения в образовании // Педагогика. – 1999. – № 3. – С. 59.

16 Наумов А.Р. Социодинамика процессов управления образовательным производством // Университетское управление. – 2003. – № 2(25). – С. 18-24.

ҒТАМР 17.09.91

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ОҚИҒАЛАРДЫҢ КӨРІНІСІ

Д.С. Жалелов

PhD-докторант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Мақалада жыраулар шығармашылығындағы тарихи оқиғалар қарастырылады. Жиёмбет, Бұқар сынды жыраулардың толғауларындағы тарихи оқиғалардың көрінісі жан-жақты талданады. Зерттеушілер пікірлері басшылыққа алынып, тұжырымдар жасалады. Жыраулық өнердің синкреттілігі де зерделеніп, жыраулардың тарихи оқиғаларды баяндау ерекшеліктеріне салыстырулар жүргізіледі. Тарихи оқиғалардың уақыт кезеңдеріне шолу жасалып, тарихи деректермен дәлелденеді. Жыраулар поэзиясындағы сан қырлы әдеби бояулар, толғаулардағы қаһармандар бейнесі талданады. Жыраулар шығармашылығындағы тарихи оқиғалардың көріністерін әдеби талдау, салыстыру әдіс-тәсілдер көмегімен бірнеше бөліктерге бөліп зерделенеді.

Түйін сөздер: тарихи оқиға, жырау, толғау, Жиёмбет, Бұқар.

Қазақ халқының тарихы – дәуірлер мен азаттықа ұмтылу кезеңдерімен тығыз байланысты. Біздің қаузағалы отырғанымыз, ханның кеңесшісі, төренің ақылшысы, тұтас халықтың батагөй кемеңгері турасында болмақ. Яғни, хандық дәуір әдебиетінің өкілдері Жиёмбет және Бұқар шығармашылығындағы тарихи оқиғалардың көрінісі. Жыраулардың тұлғалық қасиетін зерттеп зерделеген зерттеушілеріміздің ғылыми мұрасын арқау етіп, зерттеу еңбегімізде басшылыққа алып тоқталмақпыз. Жыраулар поэзиясын өз еңбектеріне арқау етіп, зерттеп зерделеп қарастырған алаштың айтулы ғалымдары М. Әуезов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, М.Мағауин, Х.Сүйіншәлиев, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов сынды ғалымдардың жыраулар поэзиясы оның ішінде хандық дәуір әдебиеті жайлы айтқан пікірлеріне зер саламыз. Ұлттың ұлттық поэзиясына айналған жыраулар шығармашылығы – қазақ халқының ең ардақ тұтатын қасиеттерінің жүгін арқалап, тұтас бір дәуір арқауының қуанышы мен жұбанышын шебер тілге дәйек етті. Сол замандағы хан мен халық арасындағы тығыз жүйелі байланысты толғау, жыраулық өнердің көркем үлгісі арқылы жанама түрде емес, тікелей көз алдына бейнелеп елестетті. Қанша дәуір алмасып өтсе де құндылығы жоғары рухани таным тағылымды, өрнегі мен өмірлік тәлімі тарихи тізбектеліп, көркемдік тұрғыда мәні жоғары баға жетпес

рухани асыл қазынаға айналды. Қазақ халқының руханияты мен әдебиеті, сан жылдардан бері қалыптасқан өзіндік мәдениеті, тарихы мен тағылымы нақты жүйелі қалыптасып, кең көлемде дәріптеліп, насихатталып зерттелді. Зерттеуіміздің негізгі өзектілігі жыраулар мұрасының қазақ халқы үшін баға жетпес байлық екендігін айқындап, насихаттау жолына бағытталып, тарихи оқиғалардың көрінісі айтылады. XV-XVIII ғасырды тұтас қамтитын іргелі кезең – Хандық дәуір әдебиеті. Әдебиеттануда авторлық ауыз әдебиеті деп аталатын жыраулар поэзиясын жоғарыда атағанымыздай М. Әуезов, Х.Сүйіншәлиев, Қ.Жұмалиев, М. Мағауин сынды қабырғалы ғалымдар зерттеді. Осы зерттеушілер ізінен бағыт алып бүгінгі күнге дейін әдебиеттанушы, тарихшы ғалымдар жандандырып зерттеп келеді. Дегенмен жыраулар поэзиясы түбегейлі зерттеліп бітті деген ойдан аулақпыз. Ғасырлар қойнауында жатқан жауһар поэзияның синкреттілігін ескере отырып, мақаламыздың негізгі өзегі етіп, жыраулар шығармашылығындағы тарихи оқиғалардың көрінісіне тоқталмақпыз. Жаңарған ХХІ ғасырда жыраулар поэзиясының өзге синкретті тұсын ашып, басқа ұлттардың ұлттық поэзиясымен салыстыра талдау жұмыстарын жүргізіп, және зерделеу өзекті болып табылады. Жыраулар терең философиялық толғаулары арқылы хан мен халықтың арасын байланыстырып, ел ішінде бітімгерлікті сақтап, саяси лидер яғни көшбасшы, кеңесші қызметін атқара отырып, халық ықыласына бөленді. Бұнымен жыраулық өнердің синкреттілігі біткен жоқ. Ұлттық ерлік, ұлттық құндылық турасында жыраулар аянып қалған емес. Кескілескен ұрыста және батырлық пен намыс, рух сынға түстетін жекпе-жекте жыраулар хас батырлардың және жалпы әскердің рухын шебер өрілген толғауларымен кең дауыстарымен оятқан. »Жыраулық поэзия көбіне қазақта кең дамыған ақындық өнердің түрі, оның шығу тегі, көшпелі өмір сүрген ру, тайпалардың бай мұрасы. Сондықтан жыраулық поэзияда ауыз әдебиетіне тән ерекшеліктермен бірге жазба поэзияға тән өрнектер де қатар кемелденген» [1, 16 б.]. Хандық дәуір әдебиетінде тарихи оқиғаларды толғаулатып білдірген жыраулар бейнесі, айтушының және тарихи оқиға кейіпкерлерінің тұлғалық қасиеті арқылы көрінеді. Халықтың мұң-мұқтажын, арыз, өтінішін сұлтандар мен ханға жеткізіп түйткілді мәселенің шешімін тапқан. Ішкі және сыртқы саясатта, тұтас хандықтың көкейкесті шаруасына араласып, түзу бағыт, қолайлы шешім қабылдауды ұсынды. Асан қайғы, Сыпыра, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтанберді, Үмбетей, Тәтіқара, Бұқар сынды жыраулардың көптеген салада қызмет атқарғандығын толғауларынан байқаймыз. Хан мен сұлтандар және басқа да хан ордасындағы билік өкілдері жыраулармен үнемі санасып, пікірін тыңдап тұжырым шығарды. Кез келген жырауды алып қарасаңыз өсиетнама үлгісінде айтар ойын толғау формасына салып, импровизаторлық қарым-қабілетін қолданып халық жадына сіңіре білген.

«Қобыз сарыны», «Бес ғасыр жырлайды», «Жеті ғасыр жырлайды» «Ай, заман-ай, заман-ай... жинақтарындағы жырлар туралы деректеме зерттеулер мен жыраулар шығармашылығындағы тарихи толғау үзінділері басшылыққа

алынды. Тақырыпты зерттеу барысында әдеби тұрғыдан талдау, салыстыру әдіс-тәсілдері қолданылды.

Бұқар жыраудың «Қалданменен ұрысып» толғауы хақында. Тарихи оқиғаларды ғылыми зерттеу жұмысымыздың арқауы ете отырып, Абылайдың азаматтығын, батырлардың өр рухын көрсететін «Қалданменен ұрысып» тарихи толғауына назар салып көрсек. Ғалымдардың зерттеуіне қарағанда осы толғау тарихта «Шаңды жорық» деген атпан қалған соғысқа байланысты дейді. 1771 жыл шамасында болған соғыс, қазақ пен қалмақ арасындағы ең соңғы шайқас. Қазақ жеңісімен аяқталған жорық, батырлар мен ел бірлігінің, тұтастығының арқасында. «Шаңды жорық» – Абылай ханның хандық еткен тұсында жоңғар мен қазақтың арасында болған кескілескен ұрыстың шешіресі, тарихи оқиғасы. Жоңғарлармен болған соңғы жорық майданы ретінде тарихта қалды. Аталмыш тарихи оқиғаның желісін баяндалу турасын Бұқардың толғауынан білмекпіз.

*«Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей жүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар:
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке
Қарақалтақ Құлашбек,
Шапырашты Наурызбай,
Құдаменді Жібекбай қасында,
Бақ, дәулеті басында
Секербай мен Шүйбекбай,
Таңсық қожса, Мамыт бар,
Қақараулы Молдабай,
Қатардан жақсы қалдырмай,
Айнақұл Бәти ішінде,
Өңкей батыр жиылып,
Абылай салды жарлықты...» [2, 98 б.].*

«Бұқар жырау өзі көрген, куә болған шындықтарды жырлап беруді ғана ойламағанын толғауда бірнеше мақсат көзделгенін байқаймыз. Қалданға қарсы жеті күн соғыс жүргізгенде Абылайдың жанында болған қазақ батырларын атап-атап көрсеткенде әріден ойлайтын жыраудың дйттегені халық қастерлеген батырлармен тізе біріктіргенде ғана ел мерейін асыруға жол ашылатынын ханға ұлағат ету...» [3, 161 б.]. 1771 жылы «Шаңды жорық» сәтін, батырлардың рухын көтеріп, қайраттанып толғайды. Қалдан Сереннің билік еткен тұсы «Шаңды жорық» кезеңімен сәйкес келмейді. Бірнеше деректерде Қалдан Серенмен аттас адамдар болды және Қалдан Сереннің біздің елге және сол кездегі қазақ хандығына жасаған озбырлығы аз болған жоқ. Сол себептен де Қалдан Сереннің атымен басталады. Зерттеушілер, бұл толғауды Қалданның заманында емес, «Шаңды жорық» тұсында жазылғанын баян етеді. Яғни,

Қалданменен емес Шеренменен деп айтулы мүмкін деген тоқтамға да келген. Тағы бір дәлелді дәйекті ұсынып көрсек:

*«Қасым ханның шешесін
Хан Абылай алған-ды» [2, 98 б.].*

Тағы бір айта кететін тұсы «Қалданменен ұрысып» толғауындағы батырлардың көбісінің осы ұрыытан бұрын өмірден өтіп кеткендігін айтқанымыз жөн. Біздің бұл жерде айтпағымыз, тарихи оқиға болғаны ақиқат. Батырлардың есімін ұрандап айту, елдің намысын ояту, жеңістің бізге оңай келген жоқ екенін баяндау ертеден бар сарын.

*«...Әділдікпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз
Арманың бар ма, хан ием,
Мәртебелі төбеге,
Жауыңды алып, жайладың,
Жеті күн кіріп ұрысқа,
Өлімге басты байладың.
Айтар сөзім осы дүр,
Ақылың бар хан едің,
Мұның түбін ойлағын» [2, 98 б.].*

Бұқар жырау бұл жерде Абылай ханға елдің бірлігі, тұтастығы жайында айтып тұр. Қазақ халқының басынан қаншама қиындық пен нәубеттің өткендігін енді ертеңгі ұрпақ бақытты да баянды ғұмыр кешуін тарихи толғауының арқауына айналдырған. Енді асығыс шешім қабылдаудың керегі жоқ екенін, елге соғыс емес бірліктің, тыныштықтың керегін жеткізеді. «Мұның түбін ойлағын», – деген соңғы түйін соны меңзеп тұр. Бұл жердегі негізгі айтар түйін, елдің бірлігін тұтастығын сақтау. Кешірімді, мейірбан қалыптан таймай, елді ертеңгі күнге бастау.

Жошының текті ұрпағы Есімнің жанында жүріп, хандықтың дамып, өркендеуіне ат салысқан Жиёмбет жырау жайлы болмақ. Жиёмбет Бортоғашұлы шамамен ғалымдарымыздың зерттеуі бойынша XVI ғасырдың аяғына қарай дүниеге келген. Кіші жүздің Алшын руынан шыққан көрнекті тұлғалардың бірден бірегейі. Ер Есімнің жанында ақыл кеңесін айдып, хандық кеңесте бет-беделі абыройы жоғары болған. 1620 жылы Есімнің ойраттармен болған қиян-кескі ұрыстарында алдыңғы топта болып, қол бастап ойратты тас талқан етіп жеңуге өлшеусіз үлесін қосқан. Есім мен Жиёмбеттің арасындағы өкпе жыраудың бауыры, бір туғаны Жолымбеттің Есімнің қалмақтан әкеле жатқан қалыңдығын барымталауымен байланысты. Деректерге сүйенсек, 1643 жылы әйгілі Жимембет жырау дүние салған. Жыраудың осы Жолымбет ісімен байланысты толғауын зерделеп көрсек.

*«Мен өлсе құнсыз кетер деме сен,
Кешегі өзіңнің ұрып өлтірген.*

*Тілеуберді құлыңдай!
Тілеуберді құлың мен емес,
Мұның, ханым, жөн емес.
Менің ер екенімді көргенсің
Әуелден бірге жүргенсің,
Дегенімді қылғансың,
Қайратымды білгенсің» [4, 53 б.].*

Есім ханның кеңесшісі Жиёмбет жырауда Еңсегей бойлы Есімге қарата айтқан толғауында былай өрбітеді.

*«Тал шарбаққа мал сақтап,
Тас қалаға жан сақтап,
Тасқан екен мына хан» [4, 53 б.].*

Зерттеу еңбегімізде баяндағандай бұл толғау Жиёмбеттің бауыры Жолымбет ісіне араша түсіп Есімге ыза түрінде емес, намысын қайрап өзінің де биік тұлғасын танытуы мақсатында қолданылған. Жоғарыда айтылған Жиёмбет толғауының басқы бөлігінде Есім ханға өзі білетін оқиғалардан хабар беріп ой қозғайды.

Жыраулар шығармашылығын зерделей отырып, тарихи оқиғалардың шебер баяндалғанына көз жеткіздік. Жиёмбет пен Бұқар шығармашылығының үлкенді-кішілі тарихи оқиғаға құрылған. Біз бір бөлігін ғана қарадық. Жыраулар – хан мен халықтың арасына көпір бола отырып, тарихи оқиғалардың авторы және әрі кейіпкері бола білді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.3. – Алматы: Ғылым, 2001. – 568 б.
- 2 Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
- 3 Әлтай А. Ақын-жыраулар поэзиясы (XV-XVIII ғғ.). – Астана: Ақжолтай, 2013. – 232 б.
- 4 Мағауин М, Байділдаев М. Ай, заман-ай, заман-ай... – Алматы: Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы, 1991. – 384 б.

ҒТАМР 12.09.07

ҚАЗАҚ ДИАЛЕКТОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Н.С. Кульбаева

*Студент, Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі,
Көкшетау қ.*

Ә.Е. Қажакпар

*Ғылыми жетекші, г.ғ.м., Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ
педагогикалық колледжі, Көкшетау қ.*

Қазақ тіл білімінің басқа салаларындағы диалектологияның зерттелу тарихы аталған мақалада сөз етілген. Қазақ тілінің дыбыстық грамматикалық және лексикалық құрылысының жан-жақты зерттелеу барысында қазақ диалектологиясының дамуында қандай өзгерістер болғандығы сөзге тиек етіледі. Қазақ диалектикасы тіл лексикасының бір саласы. Сөздік қорды дамытуда диалектілердің арқаратын қызметі зор.

Түйін сөздер: диалекті, қазақ тіл білімі, лексика, зерттелуі, тілдік құбылыс.

Халық тіліндегі айрықша көзге түсетін ерекшеліктердің бірі – жергілікті халық тілі, яғни диалектология. Тіл білімі саласында қарастырылатын өзекті мәселелердің бірі – қазақ диалектологиясының зерттелуі мен қолданылуы өзіндік ерекшеліктерін зерттеу. Осы тұста белең ала алмай жатқан біршама мәселелерді болашақ филолог ретінде өз тарапымнан зерттеп қарастыруды ғылыми жобамның басты міндеті деп есептеймін.

Қазақ диалектологиясының зерттелуі қай заманда болсын өзектілігін жоғалтпаған. Бүгінгі күнге дейін оның қыр-сырын зерттеген біршама ғалымдардың еңбегі біздің алдымызға жеткен. Жалпы, қазақ диалектологиясының зерттеу тұстары көп, дегенімен оны толығымен зерттеп, зерделеген ғалымдарымыз аз.

Халық тілінде кездесетін жергілікті тіл ерекшеліктері – тіл зерттеушілерінің назарын ертеден аударып келе жатқан құбылыстардың бірі. Қай тілден болмасын осы жергілікті деп аталатын тіл құбылыстарын кездестіреміз анық әрі кездестіріп жүрміз де. Бірінде аз, бірінде көп деген сияқты, әйтеуір, мұндай жергілікті өзгешеліктердің барлық тілде бар екені хақ. Қазақ тілі де осы сияқты, қазақ жұрты тараған өлкелердің бәрінде де сол жердің әрқайсысындағы қазақтардың тіліне тән сөз ерекшеліктерінің бар екені байқалып жүрген жайт. Мұны ғылымда диалектілік құбылыстар деп атайды.

Диалектілік құбылыстар – халық тілінің жемісі, халық тілі дамуының кезеңі тудырған тіл құбылыстары. Әрбір өлкеде тұратын қазақтардың тілінде кездесетін бұл секілді тіл айырмашылығының пайда болуының тарихи сыры бар. Мәселен, біз осы еңбекте сез еткелі отырған қарақалпақ жерінде тұратын қазақтардың тіліндегі диалектілік айырмашылықты алатын болсақ, олардың көбінің-ақ түптеп келгенде із-өкшесі қарақалпақ тілінде, сонан кейін өзбек, түрікмен тілдеріне қатысты екенін көреміз. Мұның себебін тусіну онша қиын емес. Бұл жерде тұратын қазақтардың ежелден қарақалпақ, өзбек, түрікмен жұртымен іргелес, қоныстас, ағайындас ел болғанымен байланысып жатыр. Ұзақ жылдық тілдік қарым-қатынас нәтижесінде осы аймақ қазақтарының тіліне аталған тілдерден ауысқан сөздер аз емес. Ол сөздер өздері енген тілге әбден етене болып, сіңісіп кеткен. Демек, мұндағы біздің айтайық дегеніміз – қазақ тілінде де жергілікті тіл айырмашылығы бар екендігі, сосын оның өзі кездейсоқ пайда болмағандығы, белгілі тарихи дамудың нәтижесінде туған тіл құбылыстары екендігі. Әрине, бұл құбылыстардың көлемі барлық өлкенің қазақтары тіліне ортақ құбылыстармен салыстырғанда әлдеқайда аз. Бірақ көлем жағынан қанша шағын болғанымен, бұл өзгешеліктерді ескермеуге де болмайды. Әдеби тіліміздің халық тілі негізінде дамып отырғаны белгілі. Халық тілі, халық диалектілері – әдеби тілді байытудың қайнар бұлағы. Бірақ әдеби тіл халық тілінің материалына талғаусыз қарамайды. Оның ішінен өіне керегін сұрыптап, елеп-екшеп алады. Жергілікті халық тілі әдеби тілмен осындай тығыз байланыста болғандықтан, оның жай-жапсарын жақсы біліп отыру, әрине аса қажет. Әдеби тілде сөйлеуге үйрену, сөз өзідеріне жаттығу мектеп қабырғасында қалыптасатын нәрсе болғандықтан, жергілікті тіл ерекшеліктері жөнінде хабардар болу – тіл пәнінің мұғалімдері үшін өте қажет [1, 123 б.]. Мектептің қайсысын алсақ та, жергілікті халықтың қайнаған ортасына орналасқан мекеме екенін жақсы білеміз. Ал оқушы болса, сол жергілікті халықтың кішкене бір өкілі ғой. Оның тілінің де өзі туып-өскен ортасының тілінен, ата-анасының тілінен алшақ болмайтыны түсінікті жайт. Демек, әр оқушыны әдеби тілде сөйлеуге, әдеби тілде жаза білуге жастай баулитын негізгі орта – мектеп. Міне, осыдан кейін жергілікті тіл ерекшелігі деген не, оның әдеби тілге қарым-қатынасы қандай деген жайдан мұғалімдердің, әсіресе тіл пәні мұғалімдерінің хабардар болу қажеттігі туады.

Қазақ диалектологиясы – Қазан революциясынан кейін пайда болып, қалыптаса бастаған сала. Оның не бары жетпіс жылдай ғана тарихы бар. Шын мәнінде диалектология мәселесімен шұғылдану 1930 жылдардың аяқ шенінен басталады. Содан бері республика аудандарына жылма-жыл ғылыми экспедициялар шығарылып, қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктердің сипатын білдірерліктей көлемді материал жиналды. Диалектілік ерекшеліктерді зерттеу қазақ диалектологиясының теориялық мәселелерін көтеріп, кейбір қорытындылар жасауға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде қазақ диалектологиясы қазақ тілі мен әдебиетінен маман даярлап шығаратын жоғары оқу орындарында арнаулы пән ретінде енгізілді.

Қазақ тіл білімінің басқа салаларына қарағанда диалектологияның зерттелу тарихында біраз өзгешелік бар. Қазақ тілінің дыбыстық грамматикалық және лексикалық құрылысының жан-жақты зерттеле бастауы Кеңес дәуірінде болғанмен, олардың зерттелу тарихы революциядан бұрын басталды. Сол кездің өзінде-ақ алғашқы грамматикалар мен сөздіктер жасалып, қазақ тілі зерттеу нысаны бола бастаған, ал қазақ тілінің диалектологиясы жайында мұны айта алмаймыз.

Қазақ тіліндегі диалектілер мен сөйленістердің революциядан бұрынғы жайын көрсетерліктей түркологтардан қалған арнаулы еңбек жоқ, өйткені олардың ешқайсысы да қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктермен арнайы шұғылданбады. Бірақ соған қарамастан революцияға дейін басылып шыққан ауыз әдебиеті нұсқалары мен сөздіктерде диалектілік сипаты бар сөздер, дыбыстық грамматикалық тұлғалар белгілі мөлшерде қамтылып отырған. Ал, қазақ тілі жайындағы кейбір мақалалар мен грамматикаларда жекелеген диалектілік ерекшеліктерге жасалған талдаулар немесе қазақ тілінің диалектілерге бөліну-бөлінбеуі жайында жол-жөнекей айтылған бірен-саран пікірлер бар.

Диалектология – тіл білімінің белгілі бір тілдегі диалектілік ерекшеліктерді, олардың шығу тегін, таралу сипатын, ұлттық және әдеби тілге қарым қатынасын зерттейтін сала.

Диалектілік жіктелісі айқын тілдердегі диалектілердің саны ең кем дегенде екеу болады. Халық тілдегі диалектілердің жігі олардың бір-бірінен ажырататын белгілердің сипатына байланысты. Қазақ тіліндегі мұндай белгілер әр түрлі. Олар көбіне-көп тілдің дыбыс жүйесіне, грамматикалық құрамына, сөз құрамына қатысты болып келеді. Қазақ тұрмысына сай, ең дәстүрлі деген киіз үйдің өзін Жетісі өңірі қазақ үйі, Сырдың төменгі бойы қара үйі, Ойыл-Жайық жағы ағаш үйі, Еділ маңы терме үйі, Қазақстанның солтүстік жағы киіз үйі деп атайды. Халық тіліндегі осы сияқты құбылыстарды жинақтау барысында, хат бетіне түсіру, олардың тілде өмір сүру тарихын, пайда болу жолдарын, таралу тегін анықтау – диалектологияның мақсаты әрі басты міндеті. Тіл – кез келген халықтың сарқылмас байлығы, асыл қазынасы, мәңгілік мұрасы. Тілдің қыры мен сырын зерттейтін ғылым – лингвистика. Бұл ғылым біздің заманымыздан бірнеше ғасыр бұрын пайда болған.

Тіл мен қоғамның өзара тығыз байланысы – екі жақты байланыс. Біріншіден, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. Тіл жоқ жерде адамдардың қоғамда бірлесіп еңбек етуі, қоғамдық өндірісті ұйымдастыруы, оны дамытуы мүмкін емес. Демек, қоғамның өмір сүруі, адамдардың бірлесіп еңбек етуі үшін қатынас құралы, пікір құралы – тіл қажет. Тіл – адам баласы қоғамының өмір сүруінің және дамуының қажетті шарты. Екіншіден, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғам – тілдің өмір сүруінің басты шарты [3, 45 б.]. Осыған орай диалектология екі сатыға бөлінеді. Олар: Сипаттама диалектологиясы, тарихи диалектология болып жіктеледі. Бұл екі бөлік бір ғылым алайда екі нысандар екі түрлі әдіспен зерттеледі. Оларға тоқталып, ара-жігін анықтап көрсетіп берейін.

Тарихи диалектологияның міндеті – жазба ескерткіштердегі және этнография, т.б. тарихи мәліметтерге сүйене отырып, диалектілердің даму сипатын, қалыптасу тарихын ашу [2, 16 б.].

Сипаттама диалектологиясының міндеті – диалектілер мен сөйленістердегі ерекшеліктердің қазіргі жайы мен таралған көлемін сипаттап түсіндіру, әдеби тілден қандай ерекшеліктері бар екенін айқындау. Қазақ диалектологиясы жөніндегі алғашқы зерттеулер жұмысын 1937 жылы Нарынқол, Кеген, Мақтаарал, Нұра аудандары қазақтарының тілінен дерек жинаудан басталған деседі. 1944 жылы Ж. Досқараевтың қорғаған кандидаттық, 1948 жылы С. Аманжоловтың докторлық диссертациясы қазақ диалектологиясының ғылым ретінде дүниеге келуінің басы болды. Қазіргі қазақ диалектологиясы тіл білімінің дербес саласына айналды. Аймақтық тіліміздегі диалектілік тілдік ерекшеліктер ол халық тілінің байлығы, оның бөлінбес бір қазыналы тілдік тарихи-мәдени мұрасы. Осы тіліміздегі диалектілік ерекшеліктердің тілдегі қызыметі мен оның тілдік табиғатын жете түсіну, оны жан-жақты зерттеу бүгінгі ұлттық тіліміздің дамып, жетілген тұсында оны толық қарастыру тілде өзекті болып табылады. Тілдегі жергілікті тіл ерекшеліктерін барынша жиып-теріп, зерттеу оларды тұлғалық және мағыналық жағынан саралап, лингвистикалық тұрғыда тілдік табиғатын, ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда зерделеп, саралап әрі сараптап, лексика – семантикалық, тақырыптық, мағыналық т.б. түрлі жақтарынан жіктеп, қарастыру қажет. Ауыз екі тілімізбен түрлі ақын-жазушылар тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеу арқылы да сол аймаққа тән тек тілдің өткенін, түп тамырын ғана емес, сол тілді қолданушы халықтың мәдениетінің тереңін, тіл тұңғығын, халықтың жергілікті тілдік табиғатының, сөз байлығының, сөз құнарының тереңін білуге болады. Аймақтық тіліміздегі диалектілік тілдік ерекшеліктер ол халық тілінің байлығы, оның бөлінбес бір қазыналы тілдік тарихи-мәдени мұрасы. Осы тіліміздегі диалектілік ерекшеліктердің тілдегі қызыметі мен оның тілдік табиғатын жете түсіну, оны жан-жақты зерттеу бүгінгі ұлттық тіліміздің дамып, жетілген тұсында оны толық қарастыру тілде өзекті болып табылады. Тілдегі жергілікті тіл ерекшеліктерін барынша жиып-теріп, зерттеу оларды тұлғалық және мағыналық жағынан саралап, лингвистикалық тұрғыда тілдік табиғатын, ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда зерделеп, сараптап, лексика-семантикалық, тақырыптық, мағыналық т.б. түрлі жақтарынан жіктеп, қарастыру қажет. Ауызекі тіліміз бен түрлі ақын-жазушылар тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеу арқылы да сол аймаққа тән тек тілдің өткенін, түп тамырын ғана емес, сол тілді қолданушы халықтың мәдениетінің тереңін, тіл тұңғығын, халықтың жергілікті тілдік табиғатының, сөз байлығының, сөз құнарының тереңін білуге болады. Диалектілік жергілікті тілдік ерекшеліктер жергілікті халық өмірінің тарихы, тұрмыс-тіршілігі мен таным, көзқарас-тарына тікелей байланысты. Олар арқылы халық тілінің мол тілдік мұралары қалыптасып, дамып, қажетінше жалпыхалықтық тілдің мол тілдік қорына әсер етіп, оларды байытып, толықтырып та отырады. Тілімізде айшықты көрініс

тауып, жергілікті жерге қатысты халықтың бүткіл рухани-мәдени өмірінен, өмір сүру салты мен әдет-ғұрыпынан, тұрмыс-тіршілігінен т.б. мол нақты мәліметтер беретін диалектілік жергілікті тілдік ерекшеліктер материалдар, бірліктер арқылы көрініс табады. Қазақ тілінің аймақтық, жергілікті тіліндегі көптеген сөздерді танып-білуде, оларды өз кәдемізге жаратуда, хал-қымыздың төл тіл байлығын байытуда тіл білімінің сүбелі бір саласы – диалектология ғылымының алатын орны ерекше. Қандай да тілдің болмасын өзінің жергілікті тіл ерекшеліктерінен бастап, тілдің ең жетілген, сұрып-талған жоғарғы түрі жалпыхалықтық әдеби тілге дейін дамып, нормаланып, қалыптасып отырады. Тілдегі көптеген жергілікті тіл ерекшеліктері, сан түрлі сөздері арқылы сол халықтың яғни ұлттың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін, болмысын, танымын, тарихын көруге болады. Қазақ тіліндегі жергілікті диалектілерді барынша зерттеп, зерделеудің қазіргі қазақ тіл білімі үшін үлкен мән-маңызы зор. Себебі тіл халық тарихы, мұрасы, оның өткені мен бүгіні, тіл біздің рухани мол құндылықтарымыздың басты белгісі болып табылады. Тіл халықтың айнасы десе де болады... О. Нақысбековтің класификациясы бойынша бұл топқа алты сөйленіс кіреді. Олар:

1. Жетісу сөйленісі – Алматы (Талдықорғанмен қоса) облысының жерін қамтиды;

2. Шу сөйленісі – Жамбыл облысының жерін қамтиды;

3. Шымкент сөйленісі – Шымкент облысының жерін қамтиды;

4. Қызылорда сөйленісі – Қызылорда облысының күншығысынан бастап Түркістанға дейін Сыр бойын қамтиды;

5. Ташкент сөйленісі – Өзбекстан республикасының Ташкент, Бұхара облыстарын қамтиды;

6. Тәжік сөйленісі – оған Тәжікстан республикасындағы қазақтар мекендеген аудандар жатады [3, 64 б.].

Оңтүстік сөйленістер тобының негізгі фонетикалық ерекшеліктері:

1. Оңтүстік сөйленістер тобына ортақ фонетикалық ерекшеліктер: д/л: маңлай – мандай, таңдай – таңдай, өңлеу – өндеу, анла – анда, шаңлақ – шандақ; ж/й: тіл алды *ж* дыбысы жарты дауысты *й*-мен алмасады. Қай, сол, ол, бұл сияқты есімдіктерден соң жақ, жер сөздері келгенде, көсемшелік тұлғадағы бара, келе, әкеле етістіктерімен жатыр көмекші етістігі тіркесінде кездеседі: қайер – қай жер, сөйер – сол жер, бұйақ – бұл жақ, бара патыр – бара жатыр, келейатыр – келе жатыр [3, 65 б.].

Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай келбеті, ұлттық болмысы. Тілі құрыса, халықта жер бетінен жоғалады. Адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі алдымен тілді жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелдеп отыр.

Әр халықтың өзінің ана тілі бар. Тіл жеке адам ойлап тапқан, туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тірбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл арқылы біз оқып, білім аламыз. Тіл арқылы даналар сөзін оқып білеміз, одан ғибрат

аламыз. «Өнер алды – қызыл тіл» деген осыдан шыққан болар. Тіл халықпен бірге жасайды, дамиды, өркендейді.

Мұндай диалектілерді іздестіріп, біліп жүрудегі мақсатым – халқымыздың келешегі болып саналатын жастарды өзі өмір сүретін жергілікті жердегі диалектілерді біле жүргеніме оны ауызекі сөйлегенде қолданбай, таза әдіби тілде сөйлеуді насихаттау, туған тілімізді келешек ғасырларға таза, әдеби қалпында жеткізу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Балақаев С. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, 1971. – 123-128 б.
- 2 Досқараев Ж., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. – Алматы, 1951. – 16-20 б.
- 3 Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. – Алматы, 1969. – 65-70 б.
- 4 Кеменгерұлы Қ. «Қазақша-орысша тілмаш» туралы түсініс // Еңбекші қазақ, 1926. – 83-86 б.

ҒТАМР 12.01.07

ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫ АТАУЛАР СЫРЫ МЕН НЕГІЗДЕРІ

М.К. Базылбекова

*Студент, Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі,
Көкшетау қ.*

Ә.Е. Қажакпар

*Ғылыми жетекші, г.ғ.м., Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ
педагогикалық колледжі, Көкшетау қ.*

Жер-су атаулары адамзат пен оны қоршаған топографиялық ортаны тікелей байланыстырып отыратын, сол арқылы этностың тілдік, территориялық, этникалық сәйкестігін айқындайтын маңызды тілдік мәдени фактор. Қазақ ономастикасының үшінші кезеңі кезінде ономастикалық жаңа бағыттар ашылып, жаңа көзқарастар да пайда бола бастады. Жалқы есімдердің бұрын зерттелмеген: эргонимдер идеонимдер, мифонимдер сынды түрлері ғалымдар назарына түсе бастады.

Түйін сөздер: жер-су атаулары, тілдік, ономастика, халық, жалқы есім.

Кең-байтақ, ұланғайыр жеріміздің миллионға жуықтаған жер-су атауларында еліміздің тарихы, тіршілігінің көрсеткіші екенділігі анық. Қасиетті де құдіретті жеріміз – тұтас бір шежіре. Бүгінгі күні сыр болғандай көрінгенмен – ол ата-бабамыз аялап қойған атаулар.

Ғалым Қ. Жұбанов «Тіл – адамзат тарихының қоймасы тәрізді. Жердің тарихын білем дегендерге белгілі бір тәртіппен бірінің үстіне бірі орналасқан қатарлар арқылы із қалдырып, жердің геологиялық дамуының кезеңдерін көрсететін жер қабаттары тәрізді тілдің де әрбір кезеңі даму тәртібіне сай тілде қаланып, қалыптасып сақталады» – деген болатын.

Нақты бір тарихи кезеңде бір территорияда орналасқан тілдік қауымдастықтың атаулар жиынтығын ономастикалық кеңістік деп атайды. Әдетте, ономастикалық кеңістікті кез келген халықтың, қауымдастықтың тілдік құралдармен белгіленетін ақиқат және қиял нысаналардың атаулары мен есімдері, яғни онимдік бірліктері құрайды. Ол атаулар моделіне сай, қоршаған ортаны сан ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетаным, ұлттың ой өрісі негізінде бөліктеу ерекшелігіне сәйкес жасалады.


Ономастика мәселесінің ұлттық сана қалыптастырудағы қарқынды дамуы – оның саралануына және дамуына себепші факторлардың бірі. Ономастика

салаларының бірнеше түрлерінің бар екендігін айта отырып, олардың ғылыми тұрғыдан зерттелу деңгейінің бірдей еместігін анық байқауға болады.

1949 жылдан 2006 жылдар арасында жалқы есімдердің функциясына назар аударылып, Қазақстанда 50-ге тарта ономастикалық кандидаттық және докторлық еңбектер жазылып, қорғала бастады (Т. Жанұзақ, Е.Қойшыбаев, В.Н.Попова, М.Қожанов, Б. Бектасов, Қ. Рысберген).

Қ. Рысберген мен Т. Жанұзақ диссертация, яғни еңбектеріне сүйене отырып Г.Б. Мәдиева қазақ ономастика тілінің даму кезеңін үш кезеңге бөліп, сипаттай көрсетеді.

Кесте 1. Қазақ ономастика тілінің даму кезеңін үш кезеңі (Г.Б. Мәдиева).



Қазақ ономастикасының үшінші кезеңі кезінде ономастикалық жаңа бағыттар ашылып, жаңа көзқарастар да пайда бола бастады. Жалқы есімдердің бұрын зерттелмеген: эргонимдер идеонимдер, мифонимдер сынды түрлері ғалымдар назарына түсе бастады.

Сонымен қатар, ономастикалық бірліктер аса күрделі болғандықтан, оларды тек дәстүрлі зерттеу бойынша қарастыруға болмайды. Жалқы есімдердің мазмұны сыртқы факторлармен байланыса келіп, адам ойына тілдік және тілдік емес білім жүйесін қалыптастырады. Ұлттың ұжымдық тәжірибесін қоғамдағы адамдардың бір-бірімен байланыса келе мәдени кешенді қалыптастырады. Сол себепті де эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздерін зерттеген С.И. Жапақов ономастика. Ономастикалық лингвонцептология саласы жүргілуі тиіс деген ақпарат береді.

Адам баласының сана-сезімі қалыптаса түскен жағдайда өткенге деген, ата-баба ізіне деген қызығушылықтары арта түседі десек қате болмас. Ойдың орамдылығы, тілдің құнарын да адам баласы «Адам және тіл» аясына сыйғызады.

Тілдік механизм негізіне байланыса әлем бейнесі, ғалам көзі ашылады. Ал тілдік игеру – табиғи тіл механизмін түсіндіру үшін білім жинау, білімді қолдану, оны түсіну сияқты модельдік тұрғысынан зерттеледі.

Тілді когнитивтік тұрғыдан қарастыратын болсақ, тіл – дүниенің танушы, тілдік нормаларды бекітуші, ішкі танымын көрсетуші және дүниені тану, игерудің тәжірибесін қабылдаушы.

Өткен ғасырлардан бері азамат баласы үшін сиқырлы күш іспеттес болғаны барлығымызға мәлім. Бұның өзі қазақ халқы үшін есімдер қорғаушы типінің пайда болуына әсер етті. Г.Ж. Снасапова ондай есімдерге өз анықтамасын береді. «Қазақтардың ат коюында белгілі бір ырымдардың негіз болуы сөздің құдіретті күшіне сенуді көрсетеді: Жаманбала. Сағындық, Тілеміс, Несібелі т.б. лингвокультуремалардың прототипі бала күту, тілеу сияқты тілек мәнді есімдер екендігін аңғара аламыз. Жалқы есімдердің прототипі дүниеге келген балаға ат кою арқылы оған белгілі бір қасиетті дарыту дегенге меңзейді».

Қазақтың ескі салты бойынша отбасында бала қайтыс бола берсе, келесі туылған перзентке Өтеген, Өтеміс, Орынбасар есімдері берілген.

Қазақ төңкерісіне дейінгі уақытта көшпелі қазақ халқында шала туылған балалар жиі кездесетін. Олар, а сол себепті Шалабай, Лекер. Шалабек деген есімдерді берген.

Егер отбасында қыз көп болып, келесі туған қыз балаға Жаңыл, Жаңылхан есімдері берілген, бұл болашақта ананың қыз туудан жаңылсын, дүниеге ұл туса деген ниетімен қойылып отырған. Қазақ қыздарының арасында ер адамдардың есімдеріне ие немесе ер баланың әйелдердің есімдерін иедеген жандарды кездестіре аламыз. Бұл отбасыға келесі ұрпақ қыз баласы болса екен ниеттер немесе ер баланың дүниеге келуіне ниеттелген. Қыз баланы жастайынан ұлша киіндіру, шашын тақырлап алып отыру, кәмелет жасқа дейін ұлдармен дос болып, ойнаған екен. Бүгінгі күні қазақ отбасылары үшін мұндай қылық жат көрініп, қазіргі отбасыларда мүлдем кездеспейді деп айтуымызға болады.

Қазақ елі жердің қадірін өте ертеден-ақ біліп, бір ата-бабасының зираты жатқандығы үшін де оны ерекше қастер тұтқан. «Туған жердің бір уыс топырағы бұйырса екен!» – деп тілейтін халқымыз сонау бір қиын-қыстау замандарда атақоныс жерден айырыларда қабырғасы қайысып, жалғзынан айырылғандай күй кешкен. Кенесары қонысынан ауарда Досқожа ақынның:

*Артымда қалып барасың,
Бастары самал тауларым!
Арасы биік бауларым,
Кетемін деген есте жоқ,
Кетірді дұшпан – жауларым!
Сарқырап аққан тастақтан,
Сабадағы сары қымыздай,
Сарқырап аққан бұлағым
Аман бол, қайран шырағым!...*

– деп, қасіретті шерін тарқатады. Бұл жерде ақын кіндік қаны тамған, өркен жайған жайлы қонысынан айырылуымен қатар туған жердің тарихынан да

біржола қол үзбек. Себебі кез келген мекеннің атауы, таулар мен құз-шыңдары, бұлақтың өзіне тән атауы болады.

Жалпы қазақ халқы өзінің даласындай жайдары да жалпақ тілмен елді мекенге ат қойып, айдар тағуға шебер халық болғандықтан, оған байыппен қарап үлкен мән берген.

Халық тарапынан қойылған әрбір жер атауы – сол жердің тарихи куәлігі, паспорты. Бұл атаулар жүйесі – жерімізде әр заманда мекен еткен тайпалар мен ұлыстардың, түптеп келгенде, өз еліміздің ғасырлар бойы жасаған ойсанасының, ортақ мәдени, рухани төл туындысы.

Әрбір елді мекен атаулардың өзіндік тарихы, олардың астарында белгілі мән-мағына, арман-тілек жатады. Сол себептен де отарлаушы ел тарихи атауларды санадан өшіруге талпынғаны да сондықтан, біріншіден, тарих байланысын үзіп, екіншіден, жерді жеке меншік мүлікті өз атына аударып алғандай өз тіліне аудару деп түсінеміз.

Ақмола – тарихи қала. Бұрынғы атауы «Қараөткел» атаған. 1998 жылдың 6 мамырында Қазақстан Республикасының «Астана» атауына өзгертілді.

Ақмоланың шығу тарихы мен мағынасы туралы әртүрлі көзқарас, ой қалыптасты. Жергілікті тұрғындардың айтуынша: «Бір кісіні жерлегендег астынан ақ балшық шыққан. Осы ақ балшықпен мәйіттің басына орнатылған моланы майлаған. Сонаң соң, мола алыстан ағарып көрініп тұратын болғандықтан, бұл жер – Ақмола аталып кеткен.

Қазақ Ұлттық энциклопедиясында «Ақмола – ақ қайрақ тастан әдемілеп жасалған. Оның табаны (қабырғасы) төрт бұрышты тікше түрінде қаланып, үстіне шардығ жартысына ұқсаған, не киіз үйдің төбесі тәрізді күмбез орнатқан. Күмбез алыстағы жолаушының көзіне жарқырап көрініп, Есіл өзенінің жағасын V-VI ғасырлар бойы сұлулыққа бөлеп тұрған. Көп ғасыр бойы сол төңіректі Есіл өлкесінің аты болады» (ҚҰЭ. I том, 1972. – 212 б.) деп жазылған.

Ақмола кейбіреулердің таяз түсінігіндей құбыжық атауы емес, қазақ даласына кеңінен тараған Ақтөбе, Аққала, Ақкент, Ақтау тәрізді топоним. Бұл арадағы ақ сөзі тек түр-түстік мағына емес, әлеуметтік символикамен шектелетін ауқымды кең «ақ», «аппақ», «таза», «адал» «қасиетті-қастерлі» деген ауыспалы метафоралық бейнелеу мағынасында кеңінен қолданысқа ие.

Ал, Ақмола атауы болса, «Қабырстан» мәнінде ғана емес, «көне мекен-жайдың орны, ата-бабалардың сүйегі жатқан қасиетті нышан, ал орысша, кейбіреулердің аударылған «светлый погост» емес, «белый мавзолей» деген мағына ие.

Шу – Қырғыстан Республикасынан Теріскей Алатауынан басталып, Жамбыл облысын кесіп өтіп, Шу жазығынан ағып, Мойынқұмға барғанда сіңіп кететін өзен. Ұзындығы – 1067 км., қазақ жерінде 800 км. алабы, бассейн алабы 62,5 мың км. алып жатыр. А. Әбдрахманов «Шу» сөзін «су», «өзен» мағынасында көне түркі диалектерінің бірінде жасалған гидроним деп атаймыз десе, «Шу сөзінің әуелгі тұлғасы – чуй түріндегі этностық атау» – деп Е.Қойшыбаев пікір білдірген екен.

Шығыс Қазақстан облысында топонимдік зерттеу жүргізу кезінде Қатонқарағай ауданындағы Черновая ауылының аталу себебін анықтау қажет. Сол елді мекендегі адамдардың айтуы бойынша бұл жер «Шу» деп аталған. Қазақ жерінде Шу деген атаумен елді-мекен бар болған соң қайта қайталанбауын көздеген. Черновая ауылының атауын өзгерту кезіңінде зерттеушілер 4 ерекшелігін байқайды.



Сурет 1. Черновая ауылының атауын өзгерту кезеңіндегі ерекшеліктер.

1. Шу – бұл көне түркі тіліндегі «су» немесе малдың шуына ұқсас шұбартпалы, ұзын өзен.
2. Аққайнар – қайнар, тумасы мол жер.
3. Қарасу – қыста қатпайтын мөлдір сулы шағын өзен (Ауыл шетіндегі Бұқтырма өзені жағында көптеген қайнар, тумалар бар).
4. Қарадала – қыста қарын үрлеп кететін жер.

Қазіргі кезеңде белең дамып келе жатқан ономастиканы зерттеу тек тілдік ұғым бойынша зерттеу жеткіліксіз, оның халықтың ұжымдық тәжірибесі, қоғамдағы танымы, мәдениеті т.б. арқылы қарастырылуы қажет.

Қазақ тіліндегі жалқы есімдердің өзіндік қызметі арқасында әлемде ұлттық ономастикалық бейнесін құрылымдайды.

Қазақ тіліндегі ономастикалық бейнесіндегі ұлттық мәдени сипатты анықтаушы, мәдени елтаңбалы (маркілі), лингвомәдени бірліктер түрінде де зерттелуі тиіс.

Қазақ тіліндегі жалқы есімдердің қызметі мен функциясы бар. Жер-су атаулары – адамзат пен оны қоршаған топографиялық ортаны тікелей байланыстырып отыратын, сол арқылы этностың тілдік, территориялық, этникалық сәйкестігін айқындайтын маңызды тілдік мәдени фактор. Осы ретте Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Географиялық атаулар жөніндегі сарапшылар тобы қандай да ұлттың тіліндегі жер-су атауларына байыппен, аса

құрметпен қарауға үндейді. Республиканың ономастикалық атаулары біртұтас, бірізді стандартқа сәйкес транслитерациялануы тиісекендігі белгілі. Өйткені ол атаулар мемлекеттік басқару орындарында, халықаралық іс-қағаздарында, дипломатиялық, халықаралық қатынас, әлемдік ақпараттық кеңістікте ағылшын тілінде берілетіндіктен, латын әліпбиінде қазіргі қазақ тілінің нормасына сай қолданылуы керек, яғни ұлттық негіз басшылыққа алынады.

Қорыта айтсақ, ономастикалық атаулар еліміздің тыныс-тіршілігіне қажетті бағыт-бағдар беретін таңбалық қызметінен басқа үлкен қоғамдық-саяси маңызға ие. Оның ұлттық, танымдық сипаттары алдыңғы қатарға шыққан. Себебі, омонимдер адамзат қоғамымен пайда болып, оның өмір сүруімен қоғамға қызмет етеді, ілгері дамып, қоғамдағы өзгерістерден тыс қалмайды. Бүгінгі Қазақстан қоғамы өзгерістерінің басты бағыты – мемлекеттік тіл саясаты болса, қазақ ономастикасы сол тілдің оның құрамдас бөлігі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. – Алматы: 2007.
- 2 Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 1997. 272 б.
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
- 4 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – М.: «Наука», 1988. – 189 с.
- 5 Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 190 б.

ҒТАМР 17.71.91

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ЖҰМБАҚТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Ж.Е. Мұратбекова

Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Г.К. Кортабаева

Ф.ғ.к., доцент м.а., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Жұмбақтар – фольклорлық мұраның ішіндегі қазіргі жас ұрпақтың рухани өміріне қосқан сүбелі үлесі, өзіндік орны бар саласы. Ол оқырманның ой өрісін кеңітеді, алғырлығын арттырады, байқағыштыққа. Жұмбақ бүкіл дүние жүзіндегі үленді-кішілі барлық халықтардың көркем әдебиетінде елеулі орынға ие. Бір ғана жер шарында өмір кешетін халықтардың жұмбақ ететін нысаналары бір болғанмен, оны жұмбақ ету әдістері әрқайсысының ұлттық ерекшелігіне, тұрмыс-тіршілігіне, өмірге деген көзқарастарына байланысты әр алуан. Жұмбақтар ғалымдар назарына ерте ілініп, арнайы зерттеліп келе жатыр. Бұл мақалада қазақ және ағылшын тіліндегі жұмбақтардың зерттелу тарихы қарастырылады.

Түйін сөздер: фольклор, жұмбақтар, жанр, жинақ, рухани мұра.

Жұмбақтар ежелден бері бар екені белгілі, өйткені алғашқы құжаттар мыңдаған және жүздеген жылдар бұрын Үндістан, Палестина, Месопотамия және Ежелгі Греция сияқты елдерде болған. Кейбір жұмбақтар басылымдардың арқасында өте танымал болды. Мысал ретінде Боеотикалық мифте (Boeotian myth) кездесетін Сфинкс жұмбағын, Ескі Өсиетте (Old Testament) айтылған Самсонның жұмбағын және ескі скандинавиялық Херварр дастанындағы Одиннің жұмбағын, Иерусалим патшасы Сүлеймен мен Шеба патшайымы арасындағы жұмбақты келтіруге болады.

Жұмбақ жанры – фольклорлық жанр және мұра. Фольклор тарихқа дейінгі алғашқы қауымдық құрылыс кезінде белгілі бір тарихи-элеуметтік жағдайда, этно-географиялық кеңістікте, басқаша айтқанда кез келген қауымдастықта, яғни іштей тығыз қарым-қатынастағы топ арасында пайда болады [1, 6 б.].

Жұмбақтар фольклор жанры ретінде рухани өміріміздің көп саласымен, атап айтқанда, дүниетаным мен дидактика, этика мен эстетика, этнография мен этнолингвистика т.б. толып жатқан білім салаларымен тығыз байланысты. Олардың барлығы жұмбақ тілінің өзіндік ерекшеліктерімен суреттеліп,

көркемсөз арсеналындағы тәсілдерді өзіне ыңғайлы тұрғыдан қолдану арқылы жүзеге асырылады [2, 5 б.].

Түркі жұмбақтары ғалымдардың назарына ерте ілініп, арнайы зерттеліп келе жатыр. Оның көне жазба үлгілерін қыпшақ тілінің ескерткіші (XIV ғ.) «Кодекс куманиканс», М. Қашқаридің «Диуани луғат-ат түрк» сияқты кітаптардан кезіктіреміз.

Қазақ жұмбақ жанрының ел аузынан жиналып, баспа жүзін көруі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан белең алды. Қазақ фольклоры үлгілерін, соның ішінде жұмбақтардың жинақтап, жариялауда Ш.Уәлиханов, В.Г. Радлов, Я. Лютш, Ә. Диваев, М. Иванов, Л.М. Мелиоранский, М. Ибрагимов т.б. ғалымдар, халық мұрасын жинаушылар қомақты үлестерін қосты.

Халық ауыз әдебиетінің, әсіресе, батырлық, романдық, тарихи жырлар мен тарихи аңыз, әңгімелердің жиналуы мен алғаш ғылыми тұрғыда сипатталып бағалануы халқымыздың ұлы перзенті Ш.Ш. Уәлихановтың ғылыми еңбектерінен басталады. Ш.Ш. Уәлихановтан кейін бұл істің сәтті жалғасын В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ә. Диваевтардың еңбектерінен көреміз. 1807-1917 жылдар аралығында баспа бетін көрген шығармалардың жанры сан алуан, мысалы: архаикалық эпос, батырлық эпос, ғашықтық жырлар, тарихи эпос, тарихи өлеңдер, дастан жанрының барлық түрі – діни дастандар, ғашықтық дастандар, хикаялық пен әскери дастандар, ертегілердің барлық түрі – батырлық, хикаялық, қиял-ғажайып, сатиралық және хайуанаттар туралы ертектер, айтыстар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жоқтаулар т.б. [3, 7 б.].

Профессор Ш. Керімнің «Қазақ жұмбақтары» атты монографиялық еңбегі осы жанрды алғаш рет іргелі түрде зерделеген қомақты еңбек болып табылады [4].

Ірі-ірі бес тараудан тұратын еңбекте жұмбақтардың жиналу, жүйелену, жариялану, зерттелу тарихы, жанрлық сипаты, пайда болу тегі, даму үрдістері, көркемдік-стильдік табиғаты, түркі халықтарына ортақ типологиялық қырлары, фольклорлық мұралардың өзге жанрларымен арақатынасы, халық шығармашылығындағы маңызы мен рөлі отандық, шетел ғалымдарының теориялық зерттеулерінің негізінде, еліміздегі әдеби қорлардағы қолжазбаларды, Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген көне жинақтарды, басылымдарды басты нысана ретінде пайдалануының арқасында жан-жақты талданған, зерттеуші тарапынан өзіндік пікірлер, айғақты тұжырымдар жасалған.

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында дайындалып жарық көрген Жүз томдық «Бабалар сөзі» ғылыми серияның басты мақсаты – халықтың рухани мұрасын сол күйінде өзіне қайтару, яғни қолда бар фольклорлық материалдарды түгел жарыққа шығару болды. 2004-2013 ж.ж. аралығында Серияның жүз томы жарық көрді. Онда төл фольклорымыздың күллі жанр түрлерінің мыңдаған үлгілері жарияланды.

Енді ағылшын халқының жұмбақтарының зерттелуіне келейік. Ескі ағылшын жұмбақтарының кейбір басқа басылымдарын атап өткен жөн, Israel Gollancz and W.S. Mackie, ed. and trans., «The Exeter Book», Early English Text

Society, Original Series, 104 and 194, 2 vols (London: Kegan Paul, Trench, Trübner; OUP, 1895-1934); S.A.J. Bradley, Anglo-Saxon Poetry (London: Dent, 1982) [5].

Жұмбақтарды зерттеуде қолданылатын теориялар мен әдістерге сол кездегі зерттеудің жалпы тенденциялары әсер еткені анық. Тәсілдер, шамамен алғанда, екі түрге бөлінеді: не ғалымдар жанрды өзіндік мазмұндық, құрылымдық-стильдік ерекшеліктері мен айналымы бар сөз өнерінің бір түрі ретінде қарастырды, немесе жұмбақтар барлық фольклор сияқты халықпен мәдени қатынастың бір түрі ретінде қарастырылды.

Салыстырмалы және құрылымдық көзқарасты қамтиды, соңғысы фольклордың контекстері, қызметтері мен пайдаланушылары туралы сұрақтарды қамтиды.

Салыстырмалы зерттеу әдісінің ең көрнекті екі жақтаушысы – Антти Аарне мен Арчер Тейлор. Антти Аарне (1867-1925) халық ертегілері мен жұмбақтар бойынша сарапшы ретінде халықаралық деңгейде мойындалды. Антти Аарне жұмбақтарды зерттеуді Каарле Крон мен Аксель Олрик рухында басқа жанрлардағы сияқты жұмбақтардағы түрлі өзгерістерді талдауға болатын эпикалық заңдылықтарды зерттеуден бастады [6, 30 б.].

Мәтінге бағытталған салыстырмалы зерттеу тәсілі 1950-жылдарға дейін сақталды. Оның кейінгі жақтаушыларының ішіндегі ең көрнектісі Арчер Тейлор болды, оның классикалық жинағы «English Riddles from Oral Tradition» 1951 жылы жарық көрді. Тіпті бұрынғы мақалаларында Тейлор жұмбақтарды жинау мен жариялаудың маңыздылығына көп көңіл бөлген; олардың таралуына, ауызша жұмбақ дәстүрінің таралуына да қызығушылық танытты. Тейлор «Problems in the Study of Riddles» (1938) мақаласында жұмбақтарды зерттеудің үш міндеті бар екенін айтты: жинақтау, олардың стильдік ерекшеліктерін сипаттау және олардың шығу тарихы мен қолданылуы [6, 34 б.].

Жұмбақтардың мәтіндерін жаңғыртуда ұстанатын ең маңызды және беделді басылымдар: F. Dietrich «Die Räthsel des Exeterbuchs: Würdigung, Lösung und Herstellung, Zeitschrift für deutsches Altertum», F. Tupper Jr. «The Riddles of the Exeter Book» 1910, A.J. Wyatt «Old English Riddles» 1912, G.P. Krapp, E.V.K. Dobbie «The Anglo-Saxon Poetic Records» (6 vols.) (Vol. III: «The Exeter Book») 1931. Жалпы, бұл жинақтар бір-бірінен қолжазбаның бастапқы материалын қарастыру, түсіндіру тәсілдеріне қарай жұмбақтардың орналасуымен ерекшеленеді.

Қорыта келе, қазақ және ағылшын жұмбақтарын жинауда екі тілде де біршама шаруа атқарылған. Өртүрлі қолжазба қорларындағы хатқа түскен ауқымды жұмбақтардың біразы қалың көпшілікке белгілі болса, кейбіреулері қауымның игілігіне айналмай келеді. Қазақ және ағылшын жұмбақтарының зерттелуі көне дәуірлерден тамыр тартып, алғашқы қауымдық кезеңдерден бастау алады. Жұмбақ жанры әлі де дамуын тоқтатпай, дәстүрлі сабақтастығын жалғастыру үстінде.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Чистов К.В. Народные традиции и фольклор. Очерки теории. – Ленинград: 1986.
- 2 Оңғарбай Н.Б. Қазақ жұмбақтарының тілі (этнолингвистикалық зерттеу). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 201). – 188 б.
- 3 Қазақстандағы қазіргі заман фольклоры. – Алматы, 2014. – 422 б.
- 4 Шамшадин К. Қазақ жұмбағы. – Алматы: Санат, 1999. – 248 б.
- 5 Кузнецова Т.С. Загадки эсетерского кодекса в фольклорно-литературном контексте средневековья, Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Челябинск: 2008.
- 6 Annikki Kaivola-Bregenhøj. Riddles. Perspectives on the use, function and change in a folklore genre. – Helsinki, 2001. – 175 p.

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКА**

СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ И ЭКОНОМИКА

SOCIAL SCIENCES AND ECONOMICS

ГРНТИ 06.56.21

РАЗВИТИЯ ЖЕНСКОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В КАЗАХСТАНЕ

А.С. Сатышева

*Главный эксперт, Министерства национальной экономики Республики Казахстан,
г. Астана*

Главная цель статьи заключается в расширении экономических прав и возможностей женщин посредством поддержки в организации и развитии бизнеса.

Ключевые слова: малый и средний бизнес, женское предпринимательство, развития бизнеса, экономический рост, женщина-предприниматель, государственные программы, гендерный аспект.

Развитие предпринимательства является важнейшим фактором экономического развития страны. Кроме того, предпринимательство является основной движущей силой инновационного типа экономического роста, основанного на предпринимательской инициативе в научной, технологической, организационной и экономической деятельности. Способствовать росту общественного благосостояния, создавать условия для реализации экономических интересов, способностей и талантов людей, а также способствовать модернизации бизнеса, национальному единству и национальной безопасности [1].

Женское предпринимательство играет важную роль в современном обществе. Женщины составляют гораздо меньшую долю в социальной группе предпринимателей, но их участие в бизнесе в последнее время возросло. «Женщина – предприниматель» в современном обществе – это носительница новых идей, философии, образа жизни, ценностей и морали [1].

Социальное и экономическое положение женщин во всем мире, и в Казахстане в частности, коренным образом меняется в свете современных глобальных социально-экономических преобразований. В соответствии с современными тенденциями и требованиями рыночной экономики, включая микро– и макроэкономическую деловую среду, женщины активно участвуют во многих различных формах социальной и экономической деятельности. В связи с тем, что женщины в настоящее время играют важную многофункциональную, социальную и экономическую роль, продолжая свое историческое наследие, поддерживая и приумножая семью, а также успешно развивая женское

предпринимательство, гендерный аспект современных рыночных экономических отношений приобретает особое значение. Таким образом, это открывает возможности для повышения способности современной казахстанской экономики к инновациям и стабильному экономическому росту.

Как мы отметили выше, одним из ключевых факторов экономического роста и развития является предпринимательство. Это внесло значительный вклад в рост конкурентоспособности каждой страны, оказав помощь в создании рабочих мест, развитии общих общественных интересов и личностного потенциала предпринимателей. Большинство государств тогда понимали значение предпринимательства для роста национальной экономики, признавали его ключевым фактором экономического расширения и развития. Решение заняться предпринимательством как карьерой продиктовано не только желанием зарабатывать деньги, но и другими мотивами, такими как потребность в безопасности, независимости, творчестве, самоутверждении и т.д.

Независимо от пола, во многих исследованиях [2] рассматривалось предпринимательское предприятие без учета количества деловых женщин на рынке. Некоторые исследования, такие как исследования Амрита и др. и Г.Каперчук, также приняли во внимание женское предпринимательство [3]. Некоторые решили использовать метод тематического исследования, в то время как другие использовали первичные данные, вторичные данные или как первичные, так и вторичные данные. Однако все эти исследования проводились на микроуровне или охватывали лишь небольшую часть земного шара.

Несмотря на то, что в населении мира значительно больше мужчин, чем женщин, они по-прежнему составляют незначительное меньшинство во многих сферах экономической и политической жизни. В 1976 году были представлены первые значительные научные исследования, посвященные женскому предпринимательству.

Оқушылар дәптерлеріне немесе жеке парақшаларына жауаптарды «+» және «-» белгішелері арқылы жазып шықты.

Рефлексия кезеңінде қайтадан құрастырылған сұрақтарға оралдық. Сұрақтарды қайта оқып, оқушылар алған жаңа ақпаратқа байланысты сабақ барысында қайсысы дұрыс және қайсысы өзгергенін атап өттік.

2. *Түсіну деңгейі.* Бұл кезеңде білімгерлерге «Деңгейлеп-саралап оқыту әдісі» қолданылды. Жаңа тақырыпты түсіну барысында білімгерлер жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін, арнайы деңгейлік тапсырмалар берілді. Деңгейлеп оқыту барысында деңгейі төмен оқушылармен жеке жұмыс жасалынды, ал деңгейі жоғары білімгерлердің одан әрі тереңірек білім алуына септігін тигізді. Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, білімгерлерді топқа бөліп, оларға шығармашылығын, логикалық ойлау, ізденушілік дағдысын қалыптастыру мақсатында өз деңгейлері бойынша тапсырмалар берілді.

3. *Қолдану деңгейі.* Білімгерлерге адам қаңқасының құрылысын меңгеру барысында «Талқылау әдісі» қолданылды, топтық тапсырмалар берілді. Бірінші топқа, бас сүйек қаңқасының бөлімдері, екінші топқа, қол-аяқ сүйектерінің бөлімдері, үшінші топқа, тұлға бөлімінің сүйектерін анықтау берілді. Білімгерлер бұл кезеңде топ арасына талқылау жүргізіп, жаңа тақырып бойынша өз бетінше іздену жұмыстарын жүргізді.

4. *Талдау деңгейі.* Білімгерлерге тек қана тақырыпты нақтылап оқытып қоймай, жаңа тақырыппен жұмыс істеу және жасау тәсілдерін қолданып, түрлі мәселелерді шешуді қарастыру. «Идеялар себеті» әдісі негізінде білімгерлердің жан-жақты талдап, талқылап, ізденушілік-зерттеушілік қабілетін дамыту барысында берілген сұрақтардың жауабын іздеу тапсырмасы берілді. Білімгерлерге «қаңқа қызметі қандай және жалпақ сүйек бөлімдерінің басты қызметі қандай?» деген сұрақты талдау ұсынылды. «Идеялар себеті» әдісі көмегімен білімгерлер сұраққа тиісті мәселені анықтай отырып, дәлелдейтін фактілер негізінде, берілген тапсырманың жауабын талқылау арқылы қорытындылай алды [9].

5. *Жинақтау кезеңі.* Жинақтау кезеңінде білімгерлерге өтілген жаңа тақырыпқа байланысты сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу жұмысы ұсынылды. Зертханалық жұмыстың барысында білімгерлер АКТ құралдарын пайдаланып дереккөздерден қосымша мәлімет жинақтады. Жинақталған мәліметке сүйене отырып, сүйектің макро және микроскопиялық құрылысын зерттеуде білімгерлер сүйектің күкірт қышқылы ерітіндісінің ішінде иілгіш қасиетке ие болатынын бақылап көрді. Осы зертханалық жұмысты бақылау барысында білімгерлердің шығармашылық іс-әрекетке түрткісі көрсеткіші, теориялық білімдерді игеруі, жаңа идеяларды шығармашылық деңгейде ойлау ұмтылысын тудырды.

6. *Бағалау кезеңі.* Білімгерлерді бағалау барысында кері байланыс биологиялық білім беруде үлкен рөл атқарады. Кері байланыс орнату арқылы білімгерлердің тақырыпты меңгеру деңгейін нақты атауға болады. Кері байланыс жасау үшін «Таңдау әдісі» пайдаланылды. Таңдау әдісі бойынша білімгерлерге арнайы сауалдары бар карточкалар таратылды. Сол сауалдарға жауап беру арқылы білімгерлердің көңіл-күйін, сабақтың қаншалықты қызықты өткенін анықтадық.

Биологиялық білім беруде қолданылған тапсырмалар арқылы ізденушілік іс-әрекетінің қалыптасу деңгейін анықтауға жүргізілген анықтау экспериментіне байланысты жүргізу барысында білім сапасы жеткілікті емес екені айқындалды.

Анықтау эксперименті кезінде білімгерлердің зерттеушілік дағдысын қалыптастыру тұрғыда тапсырма орындау деңгейлері, эксперименттік және бақылау сыныптарында жүргізіліп, бір-біріне ұқсас көрсеткішті көрсетті. Эксперименттің сыныптың теориялық білімді меңгеруі, қызығушылығының артуына қарай 23 білімгердің 26%-ы жоғары көрсеткішті көрсетсе, оның 44%-ы төмен деңгеймен бағаланды. Бақылау сыныбында да 23 білімгердің 25%-ы жоғары көрсеткішті көрсетсе, оның 44%-ы төмен деңгеймен, ал қалған білімгерлер орташа деңгейде екені анықталды (1-диаграмма).




Диаграмма 1. Теориялық тапсырмалар бойынша жүргізілген анықтау экспериментіндегі білімгерлердің деңгейі.

Білімгерлердің ізденушілік-зерттеушілік тапсырмалар арқылы іс-әрекетін қалыптастыруға негізделген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының мақсаты: биологиялық білім беруде ізденушілік-зерттеушілік жұмыстар арқылы Блум таксономия технологиясын қолдана отырып, оны білім беруде қолдану арқылы белсенді тұлға даярлау болып табылады.

Үйретуші тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың міндеттері келесідей болды:

– білімгерлердің зерттеушілік дағдысын қалыптастыруда Блум таксономиясын негізге ала отырып, тапсырмалардың мүмкіндіктерін анықтау;

– білімгерлердің зерттеушілік дағдысын арттыруда оқыту әдістерінің маңыздылығын көрсету;

– тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың қорытындысын сараптау және оны талдау, нәтижесін көрсету.

Үйретуші эксперименттен кейін білімгерлердің танымдық қызығушылығы, қажеттілігі, ынтасы, зияткерлік ұмтылысын тудыратын, зерттеушілік тапсырмалар арқылы деңгейі әртүрлі көрсеткішті көрсетті. Бұл кезде теориялық білімді игеруі, біліктілігі, білім мазмұнының жаңа идеяларын, іс-әрекеттің мақсат, міндеттерін белсенділікпен шешу жолдарына көңіл бөлінді. Алынған нәтиже бойынша эксперименттік сыныптағы 23 білімгердің 67%-ы жоғары деңгейді, ал 2%-ы төмен деңгейді көрсетті. Бақылау сыныбындағы пайыздық көрсеткіштері өзгеріссіз қалды (2-диаграмма).




Диаграмма 2. Үйретуші эксперименттен кейінгі білімгерлердің ізденушілік-зерттеушілік тұрғыда тапсырма орындау деңгейлері.

Ізденушілік-зерттеушілік жұмыстар арқылы білімгерлердің белсенді іс-әрекетін қалыптастыруға арналған Блум таксономиясы негізінде жасалған тапсырмалар жиынтығының тиімділігі білім сапасының артқандығын білдірді.

Жоғарыдағы пайыздық көрсеткіштер мектептегі Блум таксономиясы негізде қолданылған тапсырмалар арқылы білімгерлердің зерттеушілік, белсенді ойлау іс-әрекетін қалыптастыру жұмыстары жүйелі ұйымдастырған жағдайда біздің зерттеу жұмысымыздың мақсатына сай ұсынылған әдістеме тәжірибелік-эксперимент нәтижесінде ғылыми болжамымыздың дұрыстығын дәлелдей алды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы тәжірибелік эксперименті кезеңінде алынған мектептер бойынша эксперимент және бақылау сыныптары таңдалынып алынды. Эксперименттік жұмысқа қатысатын сыныптардағы тапсырмалар Блум таксономия технологиясына сүйене отырып, әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жасалынып отырды. Ізденушілік-

зерттеушілік дағдыны қалыптастыру, тапсырмалар арқылы білімгерлердің белсенділігінің дамуы мен қызығушылығын арттыру ерекшелігі, жүзеге асырылу мүмкіндіктері негізделді.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, жасалған жүйе мен ұсынылған әдістерді тиімді пайдалану, мектеп білімгерлерінің зерттеушілік дағдысын қалыптастыруға болатындығы туралы ғылыми болжамның дұрыстығына көз жеткізілді.

Блум таксономиясының негізінде оқыту білімгерлердің өз бетінше ізденушілігін қалыптастырып, білім деңгейінің өсуіне ықпалын тигізді. Блум таксономиясы қазіргі кезде өте тиімді инновациялық технологиялардың бірі екеніне көз жеткіздік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Ходанович А.И. Инновационные аспекты современных образовательных технологий // Молодой ученый. Актуальные задачи педагогики. Часть I. – М.: Буки-Веди. – 2017. – 210 с.

2 Бактыбаева Ж.Ш. Использование технологии Блума в учебном процессе вуза // Ярославский педагогический вестник. -2017. -№4. – С. 150.

3 Аблайханова Н.Т., Ахметова А., Амалова А. Применение таксономии блума в процессе обучения биологическим дисциплинам в высшем учебном заведении // Вестник КАЗНУ. – 2020. – №1 (62). – С. 163-175.

4 Amin H., Sultana M. Comparative study of knowledge and use of Bloom's digital taxonomy by teachers and students in virtual and conventional universities // Asian Association of Open Universities Journal. -2020. -№2 (15). – P. 223-238

5 Унгарбаева Г.Р. Білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін биологиядан лабораториялық практикумдарда қалыптастыру технологиялары // ҚазҰлтҚызПУ Хабаршысы. – 2020. – №2(82). – Б. 15-24.

6 Pavlova I.V., Remington DL., Horton M., Tomlin E., Hens M.D., Chen D., et al. An introductory biology research-rich laboratory course shows improvements in students' research skills, confidence, and attitudes // Journal of PLoS ONE. 2021. №16(12). – P. 1-27.

7 Torres L. (2018). Research skills in the first-year biology practical – Are they there? // Journal of University Teaching & Learning Practice. 2018. №4. <https://doi.org/10.53761/1.15.4.3>.

8 Соловьева А.Р., Ибраимова Б.Т. Биологияны оқыту әдістемесі (8 сынып). – Алматы: Атамұра, 2018. – 126-132 б.

9 Аблайханова Н.Т., Ахметова А., Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н., Есенбекова А., Жубаназарова Н.С. Блум таксономиясы инновациялық технологиясының негізінде ұйымдастырылған биология сабағы // Хабаршы. Психология және социология сериясы. 2018. №4 (67). – Б. 63-72.

**ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ, ӘСКЕРИ ІС ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК САЛАЛАРЫ**

**ЮРИСПРУДЕНЦИЯ, ВОЕННОЕ ДЕЛО И
БЕЗОПАСНОСТЬ**

**LAW ENFORCEMENT, MILITARY AND
SECURITY**

ГРНТИ 10.91

КОРРУПЦИОГЕННАЯ ЛИЧНОСТЬ: СУЩНОСТЬ И ФОРМИРОВАНИЕ

А.Д. Дархамбаева

Доцент, Евразийская Юридическая Академия им. Д.А.Кунаева, г. Алматы

В статье исследуются влияние коррупциогенных факторов на функционирование структурных элементов системы общества, формирование личности в нем, и их взаимная зависимость. В коррупции, как в преступном явлении, очень большую роль играет субъективный фактор, где личные интересы в решении того или иного вопроса в свою пользу, заставляют людей переступить через установленные нормы права. Исходя из анализа причин возникновения коррупции выделяется психологическая сторона личности, формирование которой подвергается влиянию многих факторов.

Ключевые слова: коррупция, формирование личности, причины возникновения коррупции, борьба с коррупцией.

В современном государстве ведутся активные шаги по развитию нашего государства как демократического и правового, каким оно себя утверждает в Основном Законе. Проводимые реформы, принятие и обновление основных нормативно-правовых актов, четко определяют направление развития нашей страны, среди которых немаловажную роль играет утвержденная Концепция антикоррупционной политики на 2022-2026 годы.

В документе отмечается, что Казахстан нацелен на переход от рутинного противодействия коррупции к коренному изменению общественного сознания, неприятию населением любых форм коррупции и nepотизма, приоритету превентивных мер.

Коррупция, к сожалению, пронизывает насквозь все сферы общества. Практически каждый день, из средств массовой информации можно видеть и слышать о том, что борьба с коррупцией стала одной из главных проблем в обществе. Необходимо отметить, что в коррупции, как в преступном явлении, очень большую роль играет субъективный фактор. В каждом конкретном коррупционном преступлении самую важную роль играет личность и для объективного и более точного изучения коррупции как явления, прежде всего, стоит понять, что заставляет людей давать и брать взятки и только после осознания этого, можно вести какую-либо борьбу с коррупцией. Именно эти причины стоят особняком в этой проблеме.

В теории изучения причин возникновения коррупции выделяются следующие:

- низкий уровень правосознания граждан;
- низкий уровень понимания своих прав;
- психологическая готовность к даче взятки;
- избежание ответственности за деяние;
- алчность [1].

Анализируя психологию личности, можно наблюдать что в основном люди свои интересы ставят выше закона, где личная заинтересованность в решении того или иного вопроса в свою пользу, заставляет людей переступать через нормы права. Незнание своих прав зачастую приводит к тому, что поддержка властеобладающих субъектов кажется единственным путем быстрого решения своей проблемы. В такой ситуации покровительство власти зачастую влечет за собой запрещающие законом деяние как дача взятки. Психологическая готовность к даче взятки, в таких ситуациях, становится обычаем делового оборота: «Хочешь решить вопрос в свою пользу – заплати». Эта проблема вышла на такой уровень, что даже деловой этикет не возбраняет, а иногда даже поощряет, дачу взятки.

Что касается алчности, то практически каждый думает о личной выгоде и наживе. Жажда денег побеждает всё: и боязнь наступления ответственности, и нормы права и морали. Часто, именно выгода и желание разбогатеть движет субъектами коррупционных преступлений [2, с. 96].

Сложившаяся проблема и разрешение ее возможно таким путем, как воспитанием правосознания в гражданах. На формирование правового сознания конечно же оказывает влияние и сама социальная среда.

Психологические причины – это далеко не единственный фактор развития коррупции в нашем обществе, только активная борьба на всех фронтах борьбы с этим явлением, искоренение всех причин, факторов и предпосылок, поможет нам свести к минимуму данную проблему. Взгляд на данную проблему, ее оценка конечно может быть разной, учитывая условия и сложившиеся обстоятельства в которых находится субъект.

Если в обществе и государстве манифестируется как норма борьба с коррупционными проявлениями, с одной стороны, а с другой – в повседневных отношениях коррупция, с которой сталкиваются практически все, то налицо противоречие между декларируемыми и реально существующими нормами поведения, и, как следствие, конфликт интересов и самих государственных служащих, и потребителей их услуг граждан. Именно искажение связей между интересами должностного лица и государства, опосредует коррупционные отношения власти и гражданина. При этом обе стороны-участники общественных отношений госслужащие и граждане испытывают на себе «коррупционное давление», от интенсивности которого зависит их поведение.

Исходя из этого можно определить, что для коррупциогенной личности характерными чертами является то, что материальные ценности стоят выше над духовными. На эмоциональном уровне выделяется в теории несколько

показателей, значимых для определения склонности к коррупции, среди которых удовлетворенность жизнью, удовлетворенность профессией, удовлетворенность личным статусом и самоотношение.

По шкале удовлетворенности жизнью можно выделить высокий, средний и низкий уровень. Высокие показатели по шкале удовлетворенности жизнью должны коррелировать с высокой антикоррупционной устойчивостью и наоборот.

На регулятивном уровне для определения склонности к коррупции значимым оказывается показатель локуса контроля. Под локусом контроля принято понимать склонность человека видеть источник управления своей жизнью либо преимущественно во внешней среде, либо в самом себе. В связи с этим выделяют два типа локуса контроля: интернальный и экстернальный [3, с. 213].

Человек с экстернальным локусом контроля склонен приписывать ответственность за все внешним факторам: другим людям, судьбе, случайности, окружающей среде. Человек с интернальным локусом контроля принимает ответственность за события своей жизни на себя. Скорее всего, коррупциогенная личность будет обладать экстернальным локусом контроля, а то время как личность с высокой антикоррупционной устойчивостью интернальным локусом контроля [3, с. 214].

Под коррупциогенными факторами понимают условия, которые создают условие для совершения противоправных действий. Закрепив данный фактор в нормативных актах в антикоррупционном законодательстве данный фактор стал нормативной реальностью.

Коррупциогенные факторы делятся на два вида.

– Это положения нормативных актов или их проектов, устанавливающие для правоприменителя необоснованно широкие пределы усмотрения или возможность необоснованного применения исключений из общих правил.

– Второй вид это положения нормативных правовых актов, содержащие неопределенные, трудновыполнимые или обременительные требования к гражданам и организациям [4, с. 29].

К коррупционным факторам можно отнести правила поведения закрепленные в нормативных актах, которые создают почву для проявлений коррупции при их реализации, в том числе могут стать непосредственной основой коррупционной практики либо создавать условия легитимности коррупционных деяний, а также допускать или провоцировать их.

Одним из опасных явлений действительности является то, что коррупция, ее проявление и обыденность, пагубно влияют на сознание людей, где общество воспринимает продажность чиновников как обычное явление, обычное поведение. Однако при всем этом, несмотря на то, что формирование личности происходит под влиянием социума, на сам процесс развития личности оказывают влияние такие факторы как:

– генетические особенности самой личности, которые сформированы с рождения самого человека.

– следующим фактором, которое оказывает воздействие на формирование личности является влияние самого окружения, природной среды.

– третьим фактором которое оказывает влияние является воздействие культуры, которая содержит в себе набор определенных ценностей и норм поведения.

– четвертым фактором, который оказывает влияние на формирование личности является конечно само окружение, где именно социальное окружение формирует создание определенных взглядов и убеждений.

– к пятому фактору можно отнести приобретенный опыт, который получает человек. Ситуации, складывающиеся в жизни, корректируют взгляды человека, где их последовательность является уникальной для каждого человека и он ориентируется на будущие события, исход из положительного и отрицательного восприятия прошлых ситуаций. Неповторимость событий, происходящих в жизни каждого индивида, представляет собой один из самых значимых факторов формирования личности человека.

Большое влияние наше социальное окружение оказывает на подрастающее поколение. Формирование у них сознания должно протекать комплексно, включая те образовательные учреждения, где непосредственно он находится и набирает знания и определенный опыт. Правильная информационно-пропагандистская компания, формирование патриотизма позволит предупредить опасность в будущем.

Комплекты материалов и совместные усилия по наращиванию потенциала, предпринимаемые антикоррупционными и молодежными организациями, могут дать импульс более широкому сотрудничеству, что поможет молодым людям выйти на политическую и гражданскую арену в своих странах и общинах. Деятельность в этой категории также направлена на налаживание партнерских отношений и создание коалиций с другими участниками на различных уровнях и в различных секторах, включая правительство, частный сектор, гражданское общество и международные организации. Мероприятия должны быть структурированы в целях более активной социальной интеграции молодых людей и обеспечения более устойчивого развития их обществ [5, с. 29]. Примером усилий по вовлечению молодых людей в борьбу с коррупцией и пропаганде их роли как влиятельных участников деятельности по воспитанию культуры честности и неподкупности, прозрачности и подотчетности является Всемирный молодежный форум по борьбе с коррупцией и обеспечению честности и неподкупности. Организация таких мероприятий осуществляется до настоящего времени.

Литература

1 Андрианов В.Д. Коррупция как глобальная проблема. История и современность. – М., 2013. URL: <https://fb2lib.ru/kriminologiya/korrupsiya-kak-globalnaya-problema/>.

2 Антикоррупционная политика в современном государстве / Под ред. А.В. Малько. – Саратов: Изд-во ГОУ ВПО «Саратовская государственная академия права», 2006. – 240 с.

3 Леонтьев Д.А. Психология смысла: природа, строение и динамика смысловой реальности. – М.: Смысл, 2012. – 511 с.

4 Волженкин Б.В. Коррупция современного мира // Наука вчера сегодня завтра. – Новосибирск, 2015. – С.29-33.

5 Волженкин Б.В. Коррупция современного мира // Наука вчера сегодня завтра. – Новосибирск, 2015. – С.29-33.

ҒТАМР 10.77.11

МАЛ ҰРЛАУ – МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ТҮРІ РЕТІНДЕ

Р.А. Орсаяева, Л.Қ. Садуақасова, Е.Ж. Абыканов

С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.

Мақалада қылмыстық заң нормалары деңгейінде мал ұрлығына түсінік беріліп, мал ұрлығына тағайындалатын жаза қылмыстық – құқықтық жағынан жан-жақты қарастырылған. Мал ұрлығына байланысты нақты статистика келтіріліп, алдын-алу жақтары сараланған.

Түйін сөздер: қылмыс, қылмыстық заң, ұрлық, мал ұрлығы, соттылық, жаза.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-шы бабының 1-ші тармағы Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншікпен жеке меншік бірдей танылатындығын және қорғалатындығын көрсетсе, 2-ші тармағы меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленетінін айқындап берген [1].

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің нормалары [2] меншікке нақты тұжырымдама беріп, меншік иесінің өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез келген әрекеттер жасауына мүмкіндіктер, құқықтар берген. Сондықтан, меншік иелерінің заңды құқықтары азаматтық-құқықтық нормамен қорғалып, егер де меншік құқығына қандай да болмасын қауіпті іс-әрекет жасалатын болса, онда ол қылмыстық-құқықтық норма арқылы қорғалып қана қоймай, қылмыстық заңдылықтар шеңберінде сараланатыны белгілі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-1-бабы мал ұрлау қылмысын қарастыра отырып, нақты талдап көрсеткен. 188-1-баптың 1-тармағы бойынша, мал ұрлау, яғни бөтеннің малын жасырын жымқыру – мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатыны [3] көрсетілген.

Қылмыстық кодекстің 188-1 бабының 2-ші тармағы бойынша:

1) алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;

2) ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3-ші тармақ:

1) бірнеше рет;

2) тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалған мал ұрлау–мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатыны [3] сараланған.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық қасақаналық немесе абайсыздық жағдайында жасалуы мүмкін. Олай деуге себеп, қылмыстық іс-әрекет екі жағдайда да меншік иесіне көптеген залал келтіреді немесе залал келтіру қаупін тудырады. Меншікке қарсы қылмыстардың топтық объектісіне бірнеше қоғамдық қатынастарды жатқызуға болады, олар [4]:

- меншік иесінің иелену құқығы;
- меншік иесінің пайдалану құқығы;
- меншік иесінің билік ету құқығы.

Қылмыстың тікелей объектісі – мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың, жеке адамның меншігі болып табылады.

Объективтік жағынан меншікке қарсы қылмыс материалдық қылмыс құрамын құрайды. Сондықтан, бұл жерде қылмыстың объективтік жағын негізгі үш міндетті белгі әрекет пен зардап және әрекет пен зардаптың арасындағы себепті байланыс құрайтынын айта кетсек, артық болмаған болар еді.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар субъективтік жағынан көбінесе тікелей қасақаналықпен жүзеге асады. Субъективтік жағының міндетті белгісі екі түрге бөлінеді:

- пайдакүнемдік ниет;
- мақсат.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі он төрт жасқа толған адам болып табылады. (кейбір қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік он алты жастан басталады. ҚР ҚК 189, 190, 193, 195, 196, 198, 200 бап 1-ші тармағы, 201, 202 бап 1-ші тармағы, 188, 188-1).

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар көбінесе пайдакүнемдік ниетпен жасалатыны белгілі. Бұл әрине, меншікке қарсы қылмыстардың барлығы бас пайдасын ойлап жасалады деген жаңсақ пікір тудырмаса керек. Меншікке қарсы қылмыстық әрекеттер пайдакүнемдікті ойламай жасалуы мүмкін екендігін еске салсақ, артықтық етпес.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға арналған тарауын саралайтын болсақ, бұл қылмыстарды екіге бөлуге болады:

- пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтар;
- пайдакүнемдік емес қылмыстық құқық бұзушылықтар;

Пайдакүнемдік қылмыстар өз кезегінде екі топқа:

- бөтеннің мүлкін талан-таражға салу;

– меншікке қарсы басқа да пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтар болып бөлінеді.

Пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірінші түрі болып табылатын талан-таражға: ұрлық (ҚР ҚК 188 бап); мал ұрлау (188-1-бап); сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп кету немесе талан-таражға салу (ҚР ҚК 189 бап); алаяқтық (ҚР ҚК 190 бап); тонау (ҚР ҚК 191 бап); қаракшылық (ҚР ҚК 192 бап); ерекше құнды заттарды жымқыру (ҚР ҚК 193 бап) жатады [4].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде 2019 жылдың 27 желтоқсанына дейін мал ұрлығына байланысты арнайы норма болған жоқ. Қылмыстық кодекс бойынша, мал ұрлығы 188-баппен жай ұрлық ретінде қарастырылып келген болатын.

Өзімізге белгілі, мал ұрлығы өте көп орын алатын қоғамға қауіпті қылмыстық әрекет. Сондықтан, заман талабына сай, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне өзгерістер енгізіліп, өзіміз қарастырып отырған 188-1 бап пайда болды.

Нормаға жүгінсек, бұрын «орташа қылмыс» санатына жатқызылып келген мал ұрлау қылмыстық әрекеті бүгінгі күні орын алатын болса, ауыр қылмыс ретінде танылып, қатаң жазаға тартылатынын көрсетті. Яғни, Қылмыстық кодекстің 188-1 бабының 4 тармағы:

1) қылмыстық топ жасаған;

2) аса ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау – мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатынын айқындап берген.

Осы жерде айта кететейін жайт, Қылмыстық кодекстің 188-1 бабының ескертуінде мал ұрлығы ретінде ірі қара мал; жылқылар мен есектер; түйелер; ұсақ мал танылатыны айқындалған.

Ішкі істер министрлігінің мәліметіне сүйенсек, соңғы бес жылда мал ұрлығы екі есеге азайған. Дәлірек айтсақ, 2017 жылы – 1 323; 2018 жылы – 1 33; 2019 жылы – 1 058; 2020 жылы – 724; ал 2021 жылдың 6 айында 265 фактілері тіркелген [5].

Ішкі істер министрлігінің тағы бір мәліметі бойынша, мал ұрлығы елдегі жасалатын ұрлықтардың 3,5 пайызын құрайды екен.

Жалпы ІІМ-нің нақты деректері соңғы 5 жылда 91 мың бас мал қолды болса, оның 42,5 мыңы (46,6%) табылып, иелеріне қайтарылғанын көрсеткен.

Осы жердем мал ұрлығы үшін соңғы 5 жылда 11 мың қылмыскер жазаға тартылып, олардың 1,5 мыңы қылмысқа топтасқан түрде барғанының анықталғанын айта кетсек, артық болмас.

Жалпы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жөнінде зерттеулер жүргізіп, ғылыми көзқарасын білдірген отандық ғалымдар (Е.І.Қайыржанов, Е.О.Алауханов) мен алыс-жақын шетел ғалымдары (С.В.Бородин, В.Н.Кудрявцев, Н.Ф.Кузнецова) баршылық. Тек мал ұрлығы жөнінде нақты жеке зерттеулер жүргізген ғалымдар көп деп айта алмаймыз.

Заң ғылымдарының докторы, профессор Е.І. Қайыржановтың айтуынша, «...ұрлық белгілі объектіге тікелей бағытталған белсенді... «қызмет» [6].

Профессор Е.О. Алауханов қылмысқа қатысты жалпы сипаттама бере келіп, «... қауіпті әрекет...» екенін атап өткен [7].

Қылмыстардың ішінде мал ұрлығының алдын алу – басты мәселе ретінде қалып отыр. Себебі, мал ұрлау фактісі статистикалық жағынан азайғанмен, нақты мал ұрлау фактісі толастай түр. Сондықтан, мал ұрлығының алдын алу, ескерту мәселесі өзектілігін жоғалпақ емес.

Белгілі криминолог-ғалым, заң ғылымдарының докторы Ө.С. Жекебаев қылмыстылықты ескертудің тиімділігі ең алдымен топ болып жасалған қылмыстылықты ертерек тауып, алдын алуда екенін ғылыми деңгейде саралап, нақты да дәл тұжырымдар жасау арқылы көрсеткен [8].

Біздің ойымызша,, жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтарға, соның ішінде жоғарыда өзіміз сөз еткен мал ұрлығына қарсы бағытталған алдын-алу, ескерту мәселесі жалғасын таба бермек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасы Конституциясы (қолданыстағы редакциясы).
- 2 Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі (жалпы бөлім) (2022.24.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ) (қолданыстағы редакциясы).
- 4 Орсаяева Р.А. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (жалпы және ерекше бөлім): Оқу құралы. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, «Берел» баспасы, 2020. – 546 б.
5. Мал ұрлығы тыйылмай тұр «Айқын» ақпарат» URL: <https://aikyn.kz/161626/mal-urlygy-tyuylymay-tur/>.
- 6 Қайыржанов Е.І. Қылмыстық құқық (ерекше бөлім). – Алматы, 2010.
- 7 Алауханов Е.О. Қылмыс құрамы. – Алматы, 2018. – 49 б.
- 8 Джекебаев У.С. Соучастие в преступлении. – Алма-Ата: Наука, 1981. – 148 с.

ҒТАМР 10.45.01

МҰРАГЕРЛІК МӘМІЛЕЛЕРДІҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ЖАРАМДЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Ш.Т. Мырзаханова

З.ғ.м., аға оқытушы, Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Алматы қ.

А.Ғ. Өмірзақ

Магистрант, Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Алматы қ.

Бұл мақалада мұрагерлік мәмілелердің ұғымы және жарамдылық жағдайларын аңқытау ерекшеліктері талданған. Мәміленің жарамсыз деп танылмауының негіздері жан-жақты ашылған. Мұрагерлік құқық тұрғысынан, мәміленің мәміле жасаушының өлімінен кейін салдарын туғызуының маңыздылығы зерттелген. Мұрагерлік мәміленің жарамды болуы үшін қойылатын талаптардың мәні толықтай ашылған. Ерік жарамсыздығының пайда болуының құқықтық салдарына талдау жүргізілген. Мәміленің жарамсыздығын талап ету құқығының маңызды негіздері зерделенген.

Түйін сөздер: мұрагерлік мәміле, өсиет, мәміленің жарамсыздығы, ерік білдіру, жарамдылық шарттары.

Қазақстанда соңғы онжылдықта экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайлардың күрт өзгеруі, құқықтық реттеулерге де әсерін тигізбей қоймады. Еліміздегі соңғы жылдардағы оқиғалар, бүтіндей тұтас құқықтық реттеулердің, соның ішінде мұрагерлік құқықтық реттеу қажеттілігінің әлдеқашан пісіп жетілгенін байқатты. Құқықтық мемлекетімізде және ашық демократиялық қоғамымызда, азаматтық-құқықтық катынастарға қатысушылар шеңберінің едәуір ұлғайғанын, сонымен қатар азаматтық құқықтың жеке құқықтық институттарының көбейгенін, азаматтың жеке меншігінде болатын мүліктің саны меу құны шектелмейтінін сонымен қатар т.б. жағдайлардың көз алдымызда қарқынды түрде қалыптасуын байқаймыз. Осыған орай, мұрагерлік институтын жан-жақты және терең теориялық зерттеу, оның ішінде мұрагерлік мәмілелерді құқықтық реттеу қажеттілігі туып отыр. Бұл мақалада осы мәселелерге қатысты тұжырымдар келтіріледі.

«Өлімге байланысты мәміле» немесе «мұрагерлік мәміле» ұғымынна тоқталайық. Алғаш, «тұлғалардың белгілі бір нәтижеге жөнелтіліп және құқық тарапынан құқықтық нәтиже танылған, еркіне – мәміле» дейтінімізді еске түсірейік. Мәміленің құқықтық нәтиже (салдарын) туғызу үшін, бір тараптың еркін білдіруі жеткілікті болса бір жақты (тарапты) мәміле, ал бірден көп

жақтың еркін білдіруі керек болса екі немесе көп жақты мәміледен сөз етеміз. Осы орайда, ерікті білдіру мен ерікті сыртқа шығару тең мағынада емес, ерікті білдіруден, ерікті сыртқа сыртқа шығарудың мағынасы кең екенін анықтайық. Яғни, ерікті сыртқа шығару, сөзді, жазбаша (ерік білдіруі, баяндауы) немесе түрінде болуы мүмкін. Ал мұрагерлік мәмілелерде болса, мәміле жасаушының еркін білдіруі белгілі нысанда жасалғанда ғана жарамды болып, нәтижелерін туғызады [1].

Егер мәміле еркін білдіргеннің пассивін көбейтсе міндеттеуші мәміле, ал активіне ықпал етсе пайдаландырушы мәміле болады.

Сонымен мұрагерлік құқық тұрғысынан, мәміленің мәміле жасаушының өлімінен кейін салдарын туғызуы маңызды болуда. Яғни, өлімге байланысты мәмілелер маңызды болуда. Алайда Қазақстан құқық әдебиетінде «өлімге байланысты мәміле» ұғымы болмауда. Әдебиетімізде бұл өсиет деуде. Себебі құқығымызда өлімге байланысты мәмілелерден тек өсиет мүмкіндігінің болуы болса керек. Мұра қалдырушының еркі бойынша мұрада құқық иелену үшін, заңда көрсетілген нысанда жасалған ерік білдірудің болуына басқа да шарттардың болуы қажет. Енді осы шарттарға тоқталайық:

1) Мұрагерлік мәміленің болуы.

Мәміле, құқықтық салдарын мәмілені жасағанның өлімінде туғызатын мәміле болуы керек. Бұл мұрагерлік мәміле бір жақты мәміле немесе екі жақты мәміле болуы мүмкін. Қазақстан мұрагерлік құқығы тек бір жақты мәміле болған өсиетке ғана мүмкіндік бергендіктен, құқығымызда екі жақты мәміле болған мұрагерлік келісім жасау мүмкін емес. Мұрагерлік мәміле (өсиет, мұрагерлік келісім) жасау құқы адамға тығыз байланысты құқықтардан болғандықтан, өкіл арқылы жасауға жол барілмейді.

Өсиеттің өкіл арқылы жасалмауының бір нәтижесі, мұрагерлік мәміледе мұрада құқ иеленетін тұлға немесе жамағат (көпшілік) белгілі болуы керек және мұны белгілеу үшінші адамға берілмеуі керек. Мұнда адамға тығыз байланысты құқықты адамның өзінің қолдануы, мәміленің құраушы шарттарынан болғандықтан, мәміле еш нәтижелерін басынан бастап туғызбауда. Осылайша, үшінші адамның мұрада құқ иеленетін тұлға немесе жамағатты белгілеуі, «өсиетті (мұрагерлік мәмілені) өкіл арқылы жасауға жол бермеу» ережесіне де қарсы болуда.

2) Мұрагерлік мәміленің жарамды болуы (жарамсыз, бұрыс болмауы) керек.

Мұрагерлік мәміленің жарамды болуы үшін, мәміле жасағанның ажырата білу қабілетінің болуы. Ерік білдіруінің (сыртқа шығаруы, баяндамасы) жарамды болуы, мәміленің мазмұнының құқыққа қарсы болмауы және заңда белгіленген нысанда жасалуы керек. Осы айтылған шарттарда жасалмаған мұрагерлік мәміле абсолютті жарамсыз немесе даулы (бұрыс) мәміле болуда. Құқығымызда даулы мәміле сияқты, абсолютті жарамсыз мәміле де өздігінен жарамсыз болмайды, жарамсыз болуы үшін жарамсыздығы талап етілуі тиіс. Пікірімізше әрекет қабілеті сот тарапынан жоқ деп танылған және шектелген адамдардың жасаған өсиеті еш құқықтық салдарын туғызбайды да жоқ мәміле

болады [2].

Мұрагерлік құқығымызда мұрагерлік мәміле жасай алу жасы ерекше айтылмаған. Тек жарамсыздығы жалпы бөлімдегі мәмілелердің жарамсыздығына негізделген. Құқығымызда жалпы азамат кәмелетке (он сегізге) толғанда, толық әрекет қабілетті болып табылады. Бірақ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі (Отбасы кодексіне) сай, он алты жасында үйленген азамат әрекет қабілеттілігін иеленеді және некенің бұзылмауын немесе тоқтатылмауымен әрекет қабілеттілігін жоғалтпайды [3].

Мәміле жарамды болуы үшін мәміле жасағанның мәміле жасауға жеткіліктілігінен басқа, оның сол мәміле жасаған кезде ақыл-есі дұрыс, әлде азаматтың мәмілені жасағанда ажырата білу қабілеті болуы керек. Яғни мұрагерлік мәміленің құқықтық салдарын туғызуы үшін кәмелетке толуынан басқа, азаматтың өз әрекетінің мән жайын түсіне алу қабілеттігі. Азамат өз әрекетінің мән жайын жүйке ауруы сияқты, немесе ішімдік, есірткіге салыну сияқты және т.б. себептерімен түсінбеуі мүмкін. Осындай себептермен сот тарапынан әрекет қабілеті жоқ деп танылған немесе шектелген жағдайларда шектелгеннің орнына немесе қорғаншысының келісімімен ғана мәміле жасай алады. Егер мұндай адам өсиет жасаса оның еш құқықтық салдарын туғызуы мүмкін болмайды да, пікірімізше жоқ мәміле болуда. Мұнда адам өсиет жазған кезде бұрын сот тарапынан әрекет қабілеті жоқ деп танылған немесе шектелген болуы жағдайында өсиеттің жоқ мәміле болуы. Егер өсиет жазғаннан кейін әрекет қабілеті сот тарапынан шектелсе немесе жоқ деп танылса, онда өсиет өсиет қалдырушы өсиетті жазған кезде ажырата білу қабілеті болмағандығы себебімен мәміле жарамсыз болуы мүмкін. Осылайша өсиет жазғаннан кейін адамның әрекет қабілетінің шектелуі немесе жоқ деп танылуымен өсиеттен бұрын адамның әрекет қабілетінің шектелген немесе жоқ деп танылған жағдайларын шатастырмаған жөн. Себебі азаматтық құқығымызда мәмілелердің жарамсыздық түріне қарамастан, кейінге әсерлі болып, сот тарапынан жарамсыз деп танылғанға дейін, салдарын туғызуда. Ал, әрекет қабілеттілікпен байланысты, доктринадағы пікірмен өсиеттің салдарын туғыза алмауын қабылдау өсиеттің өзіндік ерекшелігіне қарсы болуда. Себебі өсиет өкіл арқылы жасалмайтын мәміле. Осы айтылғандарға сүйеніп, пікірімізше сот тарапынан әрекет қабілеттілігі шектелген және жоқ деп танылған адамдар өсиет жасаса, бұл мәміле еш құқықтық салдарын туғызбайды да жоқ мәміле болғаны.

Ерік білдірудің жарамды (дұрыс) болуы.

Ерік жарамсыздығы (бұрыс немесе ақау ерік) екі түрде пайда болуы мүмкін, азаматтың (еркінің) ықтиярының пайда болуында немесе ықтиярды сыртқа шығаруда. Мұрагерлік мәмілелерде мәміле жасағанның еркі өзі ойлағандай, яғни ішіндегі ықтиярдың пайда болуы және осы ықтияр сыртқа шығарылған баянмен сәйкес болғанда ғана ерік баяны жарамды болады. Бұл жерден жарамды дегенімізден, сыртқа шығарылған ерік, баяндағанның ішкі пікіріндегі еркімен сәйкес болмаса, мәміле абсолютті жарамсыз болады

мағынасын шығармау керек, әрине мұнда бір даулы немесе даулана алатын бір мәміле сөз болуда.

Жаңылысу (қателесу). Жаңылысу екі түрде болуы мүмкін, пікірде немесе іштегі пікір мен сыртқа шығару арасындағы қайшылық түрінде. Негізінде ерікті білдіруде (іштегі пікірді сыртқа шығаруда) қателесу шын мағынада бір ерік қателесуі емес. Себебі, азаматтың пікірі мен еркінің пайда болуында бір қате жоқ, бірақ оны сыртқа шығаруда қолданған сөзі немесе әрекетінен басқалары оның еркінен басқа, яғни ерік иесі қаламаған мағына шығаруда. Пікірдегі қателесу көбіне азаматтың мәмілені жасауына себеп болған мән-жай немесе оқиға жайында белгісіздігінен ортаға шығуда. Пікір қатесі жалпы екі және көп жақты мәмілелерде, мәміленің елеулі мәні болмаса, мәміленің жарамсыздығына себеп болмайды. Себебі, осы мәмілелерде екінші жақтың да мүдделері қорғалуы керектігі ескерілген «сенім принципі» негіз болғандығы арқылы түсіндіруге болады.

Алдау. Әлде кімнің еркінің пайда болуына шындыққа сәйкес емес қанағат туғызу немесе шындықпен сәйкес емес қанағаттың жалғасуына әсер ету әрекетін алдау дейміз. Алдау кезінде азамат еркінің пайда болуында қателесуіне итермеленуде, яғни мұнда да бір пікір ақаулығы сөз болуда. Бірақ қателесуден ерекшелігі, осы қателесуге біреу итермелеуде немесе ықпал етуде. Алдаудың мұрагерлік мәмілені жарамсыз ету үшін, алдау мен мұрагерлік мәміленің жасалуы арасында себеп-салдар байланысының болуы жеткілікті. Алдау, мұрагерлік мәміле тараптарынан тыс, үшінші адамның әрекеті болуы да мүмкін.

Зорлық және қорқыту. Бұл жерде де күш көрсету немесе қорқыту арқылы азаматтың еркінің пайда болуында қалыптасқан жарамсыздық түрі. Осы орайда күш көрсету моральдық түрде болуы да мүмкін. Мұнда да үшінші адамның әрекеті себеп болуы мүмкін. Тек негізгісі, осындай әрекет нәтижесі ерік туғызылып мәміленің жасалуы жеткілікті, яғни күш көрсету немесе қорқыту мен мәміле жасалуы арасында себеп салдар байланысының болуы, мәміленің даулы болуы үшін жеткілікті.

Жоғарыдағы (қателесу, алдау, зорлық, қорқыту) себептермен ерік ақау (жарамсыз) болса, мәміле өздігінен жарамсыз болмайды, бірақ осындай ерік нәтижесі жасалған мәміле даулы болуда. Сонымен осы орайда қорыта айта кететін жәйт, мәміленің жарамды болуы үшін еріктің пайда болуында немесе баяндалуында (ақаулық, бұрыстық) жарамсыздық себебі болмауы керек.

Мұрагерлік мәміленің құқыққа қарсы болмауы. Мұрагерлік мәміленің құқыққа қарсы болмауы, мәміленің императивтік заңдармен қатар, әдет ғұрыпқа да қарсы болмауы деген сөз. Құқыққа қарсылық мәміле мазмұнынан немесе ондағы шарттардан туындауы мүмкін. Құқыққа қарсылық жағдайлары ҚРАК 157-158-ші баптарында айтылған. Сонымен қатар құқыққа қарсылық жағдайында, өсиет толығымен немесе белгілі бөлімдерінің жарамсыз болуы мүмкін. Белгілі бір бөлімнің жарамсыздығы өсиеттің толық жарамсыздығына әкеп соқтырмайды [4].

Қазақстан мұрагерлік құқықтарында, мұрагерлік мәміле үшін заңда белгіленген нысан, мәміленің жарамдылық шарты болғандығы доктринада және практикада қабылдануда. Осылайша нысан шартына сәйкес жасалмаған мұрагерлік мәмілелер жарамсыз болса да, құрылған болуда, бірақ бұл жердегі жарамсыздықтың түрі даулы болуда.

Мәміленің жарамсыз деп танылмауы. Мұрагерлік мәміленің жарамсыздығын талап ету құқын қолдау мерзімі жайында біздің азаматтық кодексімізде, жеке мерзімі қарастырылмаған. Олай болса, жалпы ережеге сүйенеміз. Жалпы мерзім үш жылдық мерзім. Алайда бұл жерде мұрагерлік мәміленің жарамсыз абсолютті жарамсыз ба, әлде даулы ма екендігіне қарай жарамсыздығын талап етушілер және талап мерзімі жағынан өзгешілік көрсетуде. Осылайша алдау, зорлау, қорқыту әсерімен жасалған өсиеттер үшін мән-жәйді білгеннен немесе қатер тоқтатылған күннен бастап бір жыл ішінде өсиеттің жарамсыздығын талап етуге тиіс. Қателесу себебімен мәміленің жарамсыздығын талап етуде, ерекше мерзім белгіленбегендіктен, жалпы ережедегі мерзім (үш жыл) қолданылады.

Алайда мұра қалдырушы кез келген уақытта өсиеттерді ауыстыра немесе жарамсыз ете алатындықтан, практикалық тұрғыдан өсиетті жарамсыз деп талап ету мерзімін өткізіп алудың мағынасы болмас. Бұның тек маңыздылығы, мұра қалдырушы осы мерзім ішінде өсиетін жарамсыз етпесе, мұра қалдырушы өлгеннен кейін оның мұрагерлері де өсиеттің жарамсыздығына даулай алмайды. Сол сияқты талап мерзімі өтпей мұра қалдырушы қайтыс болса, мерзімнің қалған бөлігінде мұрагерлері мұрагерлік мәміленің жарамсыздығын талап ете алады. Мұрагерлік келісімдер екі жақты мәміле болғандықтан, мәміленің жарамсыздығын талап ету құқығы маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Жайлин Ғ.А. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (Ерекше бөлім). – Алматы, 2012. – 407 б.
- 2 Идрышева С.Қ. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы: оқу құралы. – Астана, 2015. – 212 б.
- 3 «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>.
- 4 Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 азаматтық кодексі (ерекше бөлім). URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_.

ГРНТИ 55.47.01

ТЕХНИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПОСТРОЕНИЯ УЗЛОВ И ЭЛЕМЕНТОВ ВЕРТОЛЕТОВ МИ-24

Д.С. Ергалиев

К.т.н., профессор, Академия гражданской авиации, г. Алматы

Д.А. Долда

Магистрант, Академия гражданской авиации, г. Алматы

А.Д. Тулегулов

К.ф.-м.н., асс. профессор, Казахский университет технологии и бизнеса, г. Астана,

А.А. Абирбек

Магистрант, Академия гражданской авиации, г. Алматы

Б.А. Нағызбаев

Магистрант, Академия гражданской авиации, г. Алматы

В статье анализируются вопросы, связанные с техническими и конструктивными особенностями построения узлов и элементов вертолетов МИ-24. Актуальность исследования связана с необходимостью повышения надежности и ремонтпригодности вертолетов МИ-24. Особое внимание необходимо уделять таким факторам как антикоррозийная устойчивость и восстанавливаемость.

Практическая значимость проведенного анализа связана с необходимостью увеличения срока эксплуатации и повышения тактико-технических характеристик вертолетов МИ-24. Учитывая то факт, что вертолет технологически разделен на агрегаты, которые в свою очередь состоят из сборочных единиц и деталей, изготавливаемых и собираемых в своих приспособлениях в системе плазово-шаблонного метода сборки и увязки и оснастки ПШМ, необходимо отдельно рассматривать каждый агрегат как условную единицу. От степени надежности каждой условной единицы зависит в целом надежность эксплуатации вертолетов МИ-24.

Ключевые слова: узлы, элементы, вертолет, надежность, ремонтпригодность, коррозия, антикоррозийная устойчивость.

Коррозия металла проблема актуальная. Если верить статистике, ежегодно порядка 10-16% всей произведённой стали съедается коррозийными процессами. Вред коррозии заключается, прежде всего, в уменьшении механической прочности деталей. При этом снижается статистическая прочность, а в отдельных случаях, например при развитии язвенной или

межкристаллитной коррозии, падает также ударная сопротивляемость и резко снижается предел усталости [1]. Помимо этого, коррозия приводит к ухудшению обтекаемости частей вертолета, нарушению герметичности соединений, засорению эксплуатационных жидкостей продуктами разрушения и к другим вредным последствиям.

Первые опытные вертолеты этой модели имели мало брони, она в основном была представлена бронированным лобовым стеклом и бронированными капотами двигателей. Именно по этим причинам пилотов первых Ми-24 оснащали бронежилетами и бронированными шлемами. Вертолет Ми-24 изготовлен в классической схеме для одновинтовой машины. Он оснащен главным винтом, который имеет пять лопастей, и рулевым винтом, который состоит из трех лопастей. Лопасти винта изготовлены из алюминиевого сплава. Они оснащены системой, которая оповещает о трещинах и неисправностях в лопастях. Главный винт вертолета имеет наклон вперед почти на 5%, но, кроме этого, он еще наклонен на правую сторону почти на 3%. Это сделано для улучшения устойчивости вертолета при прямолинейном полете [2, 3].

Большой особенностью этого вертолета являются крылья, которые имеют площадь в 6,75 м² и отрицательное строение V-12. Такая конструкция крыла дает подъемную силу в 22-28 процентов. Шасси вертолета состоит из трех опор, которые убираются, а передней опорой можно управлять в наземных условиях (рис.1).



Рис. 1. Вертолет Ми-24.

Общие особенности вертолета, использованные технологии и материалы:

– транспортно-боевой вертолет выполнен по классической схеме, но имеет развитое крыло, сделанное по опыту испытаний имевшего большую скорость полета тяжелого транспортного вертолета Ми-6 и служащее для разгрузки НВ при выполнении горизонтального полета с большой скоростью и маневров с положительными перегрузками, также крыло служит для размещения части подвесного вооружения (рис. 2).




Рис. 2. Вид сбоку транспортно-боевого вертолета В-24.

– вертолет технологически разделен на агрегаты, которые в свою очередь состоят из сборочных единиц и деталей, изготавливаемых и собираемых в своих приспособлениях в системе плазово-шаблонного метода сборки и увязки и оснастки ПШМ (это предполагает также изготовление входящих в сборки деталей по той же оснастки);

– предусмотрена возможность быстрого снятия НВ, РВ и крыла в эксплуатации для перевозки вертолета различными видами транспорта, включая тяжелые транспортные самолеты, железнодорожные платформы;

– планер вертолета цельнометаллический;

– дюраль Д16Т, ковочные алюминиевые сплавы АК4Т, АК6, В65П, В95Т в разных вариантах термообработки (листы, плиты, прутки, штамповки и профили) применяются для изготовления лонжеронов лопастей НВ и РВ, деталей силового набора, обшивок, испытывающих большие распределенные, средние и малые сосредоточенные нагрузки кронштейны и элементы проводки управления;

– алюминиевые литейные сплавы серий АЛ в разных вариантах термообработки применяются для изготовления деталей систем, испытывающих средние и малые сосредоточенные нагрузки кронштейны и элементы проводки управления;

– магниевые литейные сплавы серии МЛ применяются для изготовления деталей, испытывающих распределенные нагрузки кронштейны и качалки проводки управления и др. систем;

– сталь конструкционная 30ХГСА (листы, плиты, прутки, поковки, штамповки и профили) применяются для изготовления деталей, испытывающих

большие сосредоточенные нагрузки – узлов навески агрегатов СУ, крыла, шасси и др.;

- сталь конструкционная 35ХГСЛ (отливки) применяется для изготовления деталей, испытывающих средние сосредоточенные нагрузки;

- стали нержавеющей (листы) применяются для изготовления деталей, испытывающих нагрев, гидравлическое давление и воздействие агрессивных средств (силовая установка, трубопроводы и др.);

- стали нержавеющей (фольга) применяются для изготовления сотовых заполнителей трехслойных панелей (соединяются с их обшивками пайкой);

- специальные стали с высокой закалкой используются для местного бронирования;

- стеклотекстолит (листы, прутки) применяется для изготовления декоративных и внутренних защитных панелей, креплений для оборудования;

- фторопласт Ф4 в листах и блоках с мехобработкой применяется для изготовления деталей, испытывающих избыточное трение;

- специальное бронестекло (триплекс) применяется для изготовления лобовой панели кабины экипажа;

- силикатное стекло применяется для изготовления двух верхних панелей кабины экипажа;

- плексиглас применяется для изготовления боковых панелей кабины экипажа, окон ее дверей и кабины десанта;

- масло– и топливостойкие резины применяются в системах вертолета;

- термостойкие резины применяются в силовой установке, в уплотнениях дверей и люков;

- для получения тонких обшивок переменной (соответствующей действующим местным напряжениям) толщины используется химическое фрезерование (травление);

- основными видами соединений являются заклепочные (в основном, с двухсторонним подходом – за исключением агрегатов с малой строительной высотой) и болтовые (в высоконагруженных местах), но также применяются сварка, склейка и клее-сварные соединения;

- для ресурсно-нагруженных деталей (например, лонжеронов НВ) применяется виброупрочнение (создание нагартованного поверхностного слоя обдувом струей воздуха со стальными шариками).

Силовая установка:

- в состав силовой установки, входят маршевые двигатели, главный редуктор, НВ, РВ, его трансмиссия, ВСУ и системы управления, запуска, топливная, масляная, охлаждения, запуска, останова и др., часть агрегатов силовой установки участвует и в управлении вертолетом (рис. 3);




Рис. 3. Общій вид двигателя ТВ3-117 конструкции С.П. Изотова.

– два маршевых ГТД ТВ3-117 (взлетная мощность 1700 л.с., мощность ЧР 2200 л.с. используется при отказе одного двигателя) установлены над НЧФ бок параллельно ПСС с наклоном носовыми частями вниз $4^{\circ} 30'$ вперед и плоскости, проходящей через оси обоих двигателей на $2^{\circ} \pm 30'$ вправо для их соединения под прямым углом с главным редуктором, наклоненным относительно ПСС и СГФ под теми же углами;

– воздухозаборники лобовые, нерегулируемые, кругового сечения со скругленными передними кромками.

Воздухозаборники двигателей и обдува главного редуктора. На рисунке 4 Миль Ми-24А сер. № 2201407, который использовался как Воздухозаборники двигателей и обдува главного редуктора учебное пособие в Рижском высшем военном авиационном инженерном училище – РВВИАУ [4, 5].



Рис. 4. Воздухозаборники двигателей и обдува главного редуктора.

Сопло на учебно-разрезном двигателе ТВЗ-117. Внутри виден передающий вращение главному редуктору рабочий вал в обтекателе и диск свободной турбины (рис. 5).




Рис. 5. Сопло на учебно-разрезном двигателе ТВЗ-117.

- сопла (являются частью двигателя) вывалены в бок через борта их отсеков;
- створки капотов откидываются в бок на петлях и удерживаются тросами, на них можно становиться при обслуживании и ремонте двигателей без съема с вертолета;
- главный редуктор ВР-24 трехступенчатый, понижает обороты двигателя 1500 об/мин на номинале до 240 об/мин для НВ и до 3237 для карданного вала РВ, его длина 1210 мм, ширина 885 мм, высота 1765 мм, вес 830 кг;
